



ҚАЛА МЕН САЛА

## ЖҰМЫСШЫҒА СҰРАНЫС БАР, ЫҚЫЛАС ШЕ?

4-БЕТТЕ



ДЕНСАУЛЫҚ

## АЛҒАШҚЫ КҮННЕН — АЛҒЫ ШЕПТЕ

5-БЕТТЕ



МӘСЕЛЕ

## «МЕН СІЗДЕН ҚОРҚАМЫН»

12-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



# ASTANA



№92 (4061) | Бейсенбі | 6 тамыз 2020 жыл

## AQSHAMY



### 150 КӨШЕ ЖӨНДЕЛЕДІ

Көктем шыға елорда әкімшілігі жол жөндеу жұмыстарына белсене кірісті. Биыл қала бойынша 150 көшені жөндеу жұмыстары жоспарланған. Айта кетейік, бұл жолдар бірнеше критерийлер бойынша таңдалды.

Бірінші, бұрын асфальт болмаған жолдар есепке алынды. Мұндай жолдардың көбі елді мекендерде орналасқан, жоспарланған 150 көшенің 100-і осыларға тиесілі. Екінші, жаңа автобус бағыттарын іске қосатын көше мен қозғалысы жоғары көшелер қамтылған. Үшінші, тұрғындармен кездесу барысында адамдар әлеуметтік нысандарға апаратын көшелерді асфальттауды сұраған. Осы жолдар тізімге ілінді.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов кеше «Көктал» және «Агроқалашық» елді мекендеріндегі бірқатар көшелердің жол құрылысы жұмыс-

тарын барып көрді.

Жалпы, осы екі елді мекендегі 33 көше жөнделеді. Кездесу барысында тұрғындар қала басшысына жарықтандыру, жылыту, кәріз мәселелері бойынша бірқатар мәселелерді көтерді. Елорда әкімі кейбір мәселелер бойынша шешімді сол жерде қабылдап, қалғандарын жоспарға бекітуді тапсырды.

Сондай-ақ қала әкімі өз сөзінде өнеркәсіптік сектор мен елді мекендерді газдандыру 3 кезеңде өтетіндігін айтты. Биылғы жылыту маусымында «көгілдір отынға» бірқатар елді мекен қосылады.

### КӨЛІК ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАҢЫЗ!

CTS компаниясы Нұр-Сұлтан қаласының көлік қызметін жақсартуға арналған сауалнама жүргізеді, деп хабарлайды elorda.info.

«Құрметті елорда тұрғындары! Сіздерді сауалнамаға қатысуға шақырамыз. Осылай Нұр-Сұлтан қаласының көлік қызметін жақсартуға өз үлесіңізді қосасыздар. Сауалнамаға қатысу арқылы сіз біздің жұмысымызды жақсартасыздар, сіздер берген ақпарат туындаған мәселелердің ауқымын, оның ерекшеліктерін тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Сол себепті

сізден біздің сұрақтарымызға жауап беруіңізді сұраймыз. Бұл сіздің бар болғаны екі минут уақытыңызды алады. Жауаптарыңызға сүйене отырып, біз қала қозғалысы үшін матрица жасай аламыз» делінген. Ол үшін мына сілтемеге өтуге болады: <https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLScK-jozvasqXwVR-TPRLReVw2r4pU6xIUrZjft7KgubE6hknA/viewform>



## ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ

Кеше Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 10 тамыз Абай күні болып белгіленді. 10 тамыз — Абай атамның жарық дүние есігін ашқан күні. Бұл қуаныш Ұлы ақынның биылғы 175 жылдық мерейтойына тамаша тарту болды.

АБАЙ

**COVID-19**  
**ҚАЗАҚСТАНДА**

АУРУ ЖҰҚ-  
ТЫРҒАҢДАР: **94882**

ЖАЗЫЛЫП ШЫҚҚАҢДАР:

**67031**

ҚАЙТЫС  
БОЛҒАҢДАР: **1058**

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 493.52 \$ USD/KZT 418.52 ₸ RUB/KZT 5.67 ¥ CNY/KZT 59.95

www.astana-akshamy.kz





## ҮКІМЕТ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ БАҒАЛАНАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің төрайымы Наталья Годунованы қабылдады. Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Есеп комитетінің төрайымы Мемлекет басшысына дағдарысқа қарсы шараларға бөлінген қаржының жұмсалыуына мониторинг жүргізу барысы және квазимемлекеттік сектор компанияларының активтерін тиімді басқаруға жүргізілген аудиттің алдын ала қорытындылары туралы есеп берді.

Наталья Годунованың айтуынша, экономиканы қолдауға және пандемиямен күреске бағытталған ресурстарды Есеп комитеті мен тексеру комиссиялары жіті бақылап отыр. Үкімет қабылдаған шаралардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі осы

жылдың соңына дейін бағаланатын болады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Есеп комитетінің жақында өтетін отырысында аудит қорытындыларын заңнамаға сәйкес қарастыруды және мемлекеттік активтерді тиімсіз басқаруға

қатысты анықталған деректер бойынша нақты ұсыныстар енгізуді тапсырды. Президенттің пікірінше, Есеп комитеті ауқымды әрі тиімді жұмыс жүргізіп отыр. Мемлекет басшысы бұл жұмыстарды жеке бақылауында ұстайтынын атап өтті.

## ИНДЕТПЕН КҮРЕСТЕ ОҢ ДИНАМИКА БАЙҚАЛУДА

Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкіметтің селекторлық отырысында эпидемияға қарсы шараларды іске асыру барысы қаралды.

Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой COVID-19 инфекциясының расталған жағдайларының тәуліктік өсімі 1,2 пайыздан аспайтынын, бұл көрсеткіш күн сайын төмендеп келе жатқанын баяндады. Қазіргі уақытта емделіп шыққан адамдар барлық ауру жұқтырғандардың 68 пайызын құрайды, қалған науқастар қажетті медициналық көмек алуда. Ауруханалардың жүктемесі 36 пайызға төмендеді.

Аптаның қорытындысы бойынша инфекцияның репродуктивтік деңгейінің 1-ден төмен болуы Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Түркістан, Павлодар облыстары мен Нұр-Сұлтан, Шымкент, Алматы қалаларында тіркелген. Сонымен қатар Қостанай мен Ақмола облыстарында инфекцияның репродуктивтік деңгейі 1-ден жоғары болуы анықталған. Үкімет басшысы осы өңірлердің әкімдеріне эпидемияға қарсы шараларды күшейтуді тапсырды.

– Ауру жұқтырған азаматтарды емдеу және вирустың таралуын төмендету жөніндегі қарқынды жұмысты, оның ішінде санитарлық нормаларды, карантин талаптарын азаматтар-



дың сақтау қажеттігі туралы түсіндіру жұмыстарын жалғастыру керек, – деді А.Мамин.

Премьер-министр қазіргі кезде әлемдік статистика 126 мемлекетте ауру жұқтырғандар санының жаңа өсімін көрсетіп отырғанын, осыған

байланысты күзде пайда болуы мүмкін пандемияның жаңа толқынына дайын болу керектігін әрі оның алдын алу үшін барлық белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз етіп, жоспарланған шаралар кешенін іске асыру қажеттігін атап айтты.

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕҢ ҮЛКЕН МЕШІТ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА САЛЫНЫП ЖАТЫР

Елорда басшысы Алтай Көлгінов қалада салынып жатқан еліміздегі және Орталық Азиядағы ең үлкен мешітке барып, оның құрылысымен танысты.

Бұл мешіт бас шаһардағы Қабанбай батыр даңғылы мен Мәңгілік Ел көшесі арасында орналасқан. Оның сыйымдылығы 30 мың адамға есептелген. Мешіт құрылысы Елбасы Нұрсұлтан

Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес түрік компаниясының демеушілік қаражаты есебінен жүргізіліп жатыр.

«Біз өз тарапымыздан инженерлік желілер мен коммуникацияларды

тарту бойынша жұмыстар жүргіземіз. Алаңдардағы құрылыс жұмыстары санитарлық нормаларын қатаң сақтай отырып жүргізілуі тиіс» деді әкім құрылыс жұмысымен танысу барысында.

## ТЕКСЕРУ РЕЙДТЕРІ ТҰРАҚТЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкеннің төрағалығымен «Астана – адалдық алаңы» жобасының соңғы жеті айда атқарылған жұмыстарын қорытындылаған кеңес өтті.

Кеңеске Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті басшысының бірінші орынбасары Жазира Жылқышиева, жоба жетекшісі, қалалық мәслихат депутаты Мирас Шекенов, аудан әкімдерінің кеңесшілері, қалалық басқарма басшылары қатысты.

Жиын барысында ашық бюджеттердің интерактивті картасын өзекті ету, дәрі-дәрмектердің бағасы бойынша дәріханаларға жүргізілген мониторинг нәтижелері, ТКШ-ны жаңғырту бағдарламасының мониторингі, қаладағы рұқсат етілмеген қоқыс орындары секілді бірқатар мәселе талқыланды. Сондай-ақ басқарма басшыларының «Сапалы жол» жобасы аясында жол құрылысы кезінде уәкілетті органдардың заң бұзушылықтарды жою жөніндегі баяндамалары тыңдалды.

Мәслихат депутаты Мирас Шекенов дәріханалардың мониторинг нәтижелері мен «Астана – адалдық алаңы» жобасы менеджерлерінің гуманитарлық көмек жеткізу бойынша жүргізілген жұмыстарына егжей-тегжейлі тоқталды.

Шілде айының басынан бастап жұмыс топтары Парламент Мәжілісінің және қалалық мәслихат

депутаттарымен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті қызметкерлерімен, Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті, Жастар және ішкі саясат басқармасы өкілдерімен, еріктілермен, құқық қорғау органдарының, аудандық әкімдіктердің өкілдерімен және қоғам белсенділерімен бірлесіп, күнделікті рейдтер жүргізеді.

«Бүгінгі таңда 50-ге тарта дәріхана тексерілді, онда дәрі-дәрмектердің бағасын көтерген 16 дерек, жеке тұлғалардың дәрі-дәрмектерді сатуы және басқа да бірқатар құқық бұзушылықтар анықталып, оған қатысты тиісті шаралар қабылданды» деді Мирас Шекенов.

Кеңесті қорытындылаған Бақтияр Мәкен қаланың әлеуметтік маңызы бар нысандарына, оның ішінде ашық бюджеттердің интерактивті картасы шеңберінде тұрақты негізде мониторинг жүргізуді тапсырды. Сондай-ақ оқу орындары мен балабақшалардың жаңа оқу жылына дайындығын қадағалайтын мониторинг жүргізіп, аудан тұрғындары мен кеңесшілердің жұмысын жандандыру жүктелді.

## СҮБЕЛІ СӨЗ

Нұржан ӘЛТАЕВ,  
Мәжіліс депутаты:

“”

Вируспен емес, әуелі жемқорлықпен күресуіміз керек! Жауапты ведомстволарда әуелі жемқорлық тыйылмай, елдегі вирустың таралуы бәсеңдемейді. Ең біріншіден, бұл жерде мынау коронавирус емес, ең басты проблемалардың салдары – ол жемқорлық! Жемқорлықтың кең таралғаны. Сол жемқорлықты жеңбей, осы біздің мемлекеттік басқару жүйелерін өзгертпей, ешқандай нәтиже болмайды деп санаймын. Халықтың қамын ысырып қойып, тек қалтасын қампайтуды ғана ойлайтындар орнын босатпай, дерттің алдын алуымыз екіталай.

(05.08.2020 ж. отандық телеарнаға берген сұхбатында айтқан сөзі)

## АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

### ■ НҰР-СҰЛТАН

Елордада медиаторлар тегін оқытылады. Игілікті шара «Senim» медиация орталығы аясында жүзеге асып отыр. Олар халықтың әлеуметтік осал топтары үшін ақысыз оқытуды бастамақ. Тренингті кәсіби медиаторлар жүргізеді. Қала тұрғындары медиаторларға еңбек даулары, неке кезінде бірлесіп сатып алынған мүлкті бөлу және т. б. мәселелерімен жүгінеді.

### ■ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Алакөл көлінің Алматы облысы аумағындағы жағалауында биыл 150-ге жуық демалыс орны 380000 адамға қызмет көрсеткен. Соған орай аймақтың тәртіп сақшылары Алакөл жағалауында қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, тұрғындар мен демалушылардың қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдаған.

### ■ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Атырауға Ресейдің Астрахань облысындағы «Жолдастық» қазақ мәдениеті қоғамы кеңесінің төрағасы Нұрлан Қандықов пен «Қазақ мәдениетін дамыту» қорының басқарма төрағасы Эдуард Ысқақовтың бастамасымен жиналған 1 тоннадан астам қайырымдылық көмек келді.

### ■ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы 10 санитарлық автотөкөлікпен толықты. Бұл сыйлықты еліміздегі белгілі қаржы компаниясы жасаған. Аталған медициналық көліктер «СарыарқаАвтоПром» компаниясы Chevrolet Damas моделі негізінде және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің техникалық ұсыныстарына сәйкес шығарылған.

### ■ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Облыс полицейлері мен «Большевичка» тігін фабрикасы осыдан біраз уақыт бұрын қолға алған дәстүрлі шара тағы жалғасын тапты. Акцияны ұйымдастырушылардың айтуынша, пандемия басталғалы полицейлер көшеде тұрғындарға мыңнан астам маска таратқан.

## ҚОЛЖЕТІМДІ ҮЙЛЕР КӨБЕЙЕДІ



» Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов елордада салынып жатқан қолжетімді тұрғын үй құрылысымен танысты.

– Қазір кезекте тұрған қала тұрғындары мен «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» салымшылары үшін әлеуметтік тұрғын үй салып жатырмыз. Келесі жылдарға дайындық жұмысы басталды. Мемлекет басшының тапсырмасына сәйкес биыл қолжетімді тұрғын үй құрылыс көлемін едәуір арттырамыз, – деді Алтай Көлгінов.

Бүгінде Алматы ауданында (А102, А105, А108, А129, А130 көшелерінің қиылысы) қолжетімді кредиттік тұрғын үй құрылысы жүргізіліп жатыр. Мұнда 1900-ге жуық пәтер салынады. Сонымен бірге ауданда жаңа мектеп пен балабақша да болады.

## ҚОР КӨМЕГІ ҚОМАҚТЫ

» Кеше «Шұғыла» қоғамдық қоры 1000 дана оттегі концентраторларының үшінші партиясын Нұр-Сұлтан қаласына алып келді. Алғашқы екі партиясы Алматы қаласына 543 дана, батыс және оңтүстік өңірлерге 1397 дана таратылған болатын.

«Ізгілікті шараға атсалысқан халыққа алғысымды айтқым келеді. Мемлекет тарапынан осы ісімізді басынан аяғына дейін қадағалаған Премьер-министрдің орынбасары

Ералы Тоғжановқа алғысымды айтқым келеді. Ол құжаттарды рәсімдеуге, ұшақпен жеткізуге және басқа да жұмыстарға көмектесті» деді «Шұғыла» қоғамдық қорының

директоры Сәрсенбек Иманбаев. Қордың ұйымдастыруымен оттегі концентраторларының төртінші партиясын жеткізу 11 тамызға жоспарланған.

## ТӘРТІП БҰЗҒАНДАР АЙЫППҰЛ ТӨЛЕДІ

» Қаладағы мониторинг тобы полиция қызметкерлері және Тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы мамандарымен бірлескен кезекті рейд кезінде кәсіпкерлік субъектілері тарапынан карантин режимін бұзушылықтарды анықтады. Олар жалпы сомасы 27 377 790 теңге әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

– Мониторинг тобы аралау кезінде Есіл ауданында «Pei Zdes' 31» лаундж-барында («ORIENT-S» ТК) қызметкерлер мен қонақтар әлеуметтік қашықтық сақтамай, карантин режимін, маска тағу тәртібін

бұзғанын көрді. Аталған нысанның әкімшілігіне түсіндірме жүргізіліп, әкімшілік хаттаманы рәсімдеу үшін материалдарды тапсыру туралы хаттама жасалды, – деді елорда әкімдігі азаматтық қорғаныс орталығының

бас маманы Әсет Абылғазиев. Сондай-ақ рейд кезінде мобильді топ Сарыарқа ауданындағы «Нирвана» және «Угол 4/1» клубында да карантин режимін бұзушылықтарды анықтаған.

## «СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

» Нұр-Сұлтан қаласында дін саласындағы сұрақтар бойынша «сенім телефоны» іске қосылды.

Енді қала тұрғындары орталықтандырылған тегін 109 нөмірі арқылы дін саласына қатысты сұрақтар мен ұсыныстарын айтып, елорданың діни бірлестіктері мен діни ғимараттары, діни мерекелері туралы ақпарат ала алады. Сондай-ақ 109 нөміріне дін саласы бойынша құқық бұзушылық фактілері және т. б. сұрақтармен хабарласуға болады.

Бүгінде елорда әкімдігінің iKOMEK 109 бірыңғай байланыс орталығы барлық байланыс орталықтарын біріктіріп, қала тұрғындарына ақпаратты жедел жеткізетін бірден-бір орталық саналады.

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА ДІН САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ "109: СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ" ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**

- ДІН САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР МЕН ҰСЫНЫСТАРЫҢЫЗ БОЛСА
- ЕЛОРДАНЫҢ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРІ ЖӘНЕ ДІНИ ҒИМАРАТТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ
- ДІНИ МЕРЕКЕЛЕР ТУРАЛЫ МӨЛІМЕТТЕР
- ТЕОЛОГ, ДІНТАНУШЫ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КЕҢЕСІ ҚАЖЕТ БОЛСА
- ДІН САЛАСЫНДА КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

**ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ТЕГІН ІКОМЕК-109 НӨМІРІНЕ ХАБАРЛАСУЫҢЫЗҒА БОЛАДЫ**

109

**iKomek**  
Monitoring және әрекет ету орталығы

## АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

# НЕСИЕНІ КЕШІРГЕНШЕ, ПАЙЫЗДЫ КЕМІТУ КЕРЕК

» Әлі тіркелмеген Демократиялық партияның жетекшісі Жанболат Мамай мен жақтаушылары жуырда Ақорданың алдында жиналып, несиені кешіру туралы 100 мың адамның хатын Президент Әкімшілігінің кеңсесіне тапсырды. «Біз халыққа қиын кезеңде көмектесу үшін несиені рақымшылығын жариялауды талап етеміз. Еліміздегі 5,3 млн адамның несиесін кешіру керек. Қазір Ұлттық қорда 90 млрд АҚШ доллары көлемінде қаражат бар. Несиені кешіруге осы ақшаны неге пайдаланбаймыз?» деп Президенттің атына жазған хатын Жанболат Мамай әлеуметтік желіде жариялады.



### Төлен ТІЛЕУБАЙ

Қазір еліміздегі азаматтық және заңды тұлғалардың банктерге 20 трлн теңге қарызы бар. Алайда бұл сома Ұлттық банктің ресми дерегінде 14,3 трлн теңге деп көрсетілген. Өткен жылы несиені рақымшылығынан кейін Үкімет банктен қарыз алушыларға қойылатын талаптарды күшейтті. Яғни ең төменгі күнкөріс деңгейінен (31183 теңге) табысы аз азаматтарға қарыз берілмейді. Соған қарамастан, Қазақстандағы берешегі бар азаматтардың саны 7,4 млн-ға жетіпті. Жұрттың көбі қарызсыз өмір сүре алмайды.

Шыны айтсақ, кәсіпкердің өзі азаматтық тұлға ретінде қарыз сұрайды. Өйткені ол тұтыну несиесіне жатады. Қазақстандықтардың көпшілігі өзінің айлық табысын күнкөрісіне, яғни азық-түлік сатып алуға жұмсайды. Бұдан бөлек, дәрі-дәрмектердің де бағасы «күйіп» тұр. Карантин кезінде үй мен автокөлік сатып алу азайғаны анық. Алайда ол жұрт тоқтап қалған жоқ. Жұрт банктерге барып бұрынғыша қарыз алуда. Бірақ... пайыздық мөлшерлеме «секіріп» тұр.

Несие рақымшылығын жариялау ең түйткілді мәселені түп-тамырымен шешпейді. Меніңше, Жанболат Мамай мен жақтаушылары экономикалық негіздемесі жоқ мәселе көтеріп, арзан ұпай жинауды мұрат тұтқан. Әйтпесе, олар неге банктердегі пайыздық мөлшерлемені төмендетуді ұсынбайды? Мәселен, еліміздегі ипотекалық қарыздың көлемі 14,5 пайыздан 22 пайызға дейін барады. Алғашқы жарнаға үй құнының 20 пайызын төлеу керек. Банктердің бәрі кепіл ретінде сол адам сатып алатын үйді қояды. Ал дамыған елдердің барлығында үй алуға әрі кетсе 1 немесе 2 пайыздық мөлшерлеменен қарыз береді. Тіпті Оңтүстік Кореяда орташа тұрмысы бар тұрғынға 0,1 пайызбен қарыз беріп, 1 жылда төлей алмаса, мемлекет көмектеседі. Озық елдердің тәжірибесін ескеріп, әлеуметтік ахуалы төмен отбасыларға арнайы несиені бағдарламасын жасаған жөн. Ол жерде ең төмен пайызбен қарыз беру деген негізгі шарт болуы тиіс. Мәселенің мәнісін осыдан бастап шешуді ойластырайық.

### ■ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Сыр бойында ауланған балық өнімі еліміздің 7 мемлекетіне экспортқа шығарылады. Облыс бойынша балық шаруашылығына маңызы бар Кіші Арал теңізі мен 207 көл тізімге енгізілген. Жергілікті азаматтар аталған су айдындарында балықтың 18 түрін аулауға көңіл бөліп отыр.

### ■ ШЫМКЕНТ

Шымкенттегі емханалар жанынан құралған топтар 53 мың науқасты тегін дәрімен қамтамасыз етті. Медицина мамандары дәрілік заттарды диспансерлік есепте тұратын науқастардың үйіне жеткізіп берген. Мобильді топ қызметкерлері тәулік бойы жұмыс істейді. Бүгінге дейін олар 17 мыңнан аса науқастың үйіне барып медициналық қызмет көрсеткен.

### ■ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Облыс басшысының тапсырмасымен өңірдегі әлеуметтік осал топтағы балалардың барлығы компьютермен қамтамасыз етіледі. Әлеуметтік осал топ санатындағы ерекше білім беруді қажет ететін және жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар мен кедейлік шегінен төмен отбасылардың 49261 баласына қажетті техника жеткізіліп беріледі.

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

## ЖҰМЫСШЫҒА СҰРАНЫС БАР, ЖҰМЫСҚА ЫҚЫЛАС ШЕ?

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығының мәліметі бойынша өткен жылы жұмыспен қамту орталығына 10688 адам жүгініп, 3997 азамат жұмысқа орналасуға мүмкіндік алған. Биыл орталыққа жұмыс сұрап барған 15 мыңнан аса адамның бүгінге дейін 9579-ы тұрақты жұмысқа орналасқан. Соның ішінде «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы арқылы 4000-ға жуық елордалық жұмысшы мамандықтары бойынша еңбекке араласқан.

Гүлжан  
АБАЙҚЫЗЫ

Десек те жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша Нұр-Сұлтан қаласына әлі де 17 жұмысшы мамандығы қажет. Атап айтқанда, аспаз, наубайшы, кондитер, тігінші, тігінші-шебер, шаштараз шебері, бақылаушы-кассир, анимация және видеографика, тәрбиеші көмекшісі, жиһаз құрастырушы, ағаш бояу цехының шебері, арматуршы, монтаждаушы, газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь, газ-электр дәнекерлеуші, электр слесары, жартылай автоматты машинада электр дәнекерлеуші.

Осы мамандыққа оқитындар жұмыс берушімен әңгімелесіп, оң шешім алған соң мерзімі үш айлық курстан өтеді. Мемлекет оқу кезінде 21787 мөлшеріндегі шәкіртақы төлейді. Бұл биыл карантин жағдайында ұйымдастырылған қысқамерзімді тегін курстар болатын.

Жалпы, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарла-

масы жұмыссыздар үшін үлкен қолдау болып тұр. Әсіресе құрылыс, жөндеу, көгалдандыру салаларында бос жұмыс орындары бар екенін де алға тартты. Қоғамдық жұмыстар, әлеуметтік жұмыс орындары да екі қолға бір күрек таппай жүргендер үшін табыстың көзі.

Нұр-Сұлтан қалалық Кәсіпкерлер палатасының директоры Алматы Жүнісов «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында 148 мыңнан астам жұмыс орны ашылғандығын айтты. Сондай-ақ еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие мамандықтарды оқыту «Атамекен» ҰКП жанындағы оқу орталықтарында жүргізіледі. Қазіргі уақытта бұл тізімге қаладағы 80 оқыту орны кіреді. Оның 54-і – кәсіпорындар, 7-еуі – колледждер, 3-еуі қауымдастықтар жанында орналасса, 16-сы дербес жұмыс істейді. Елорда әкімдігі жанындағы Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында ағаш сырлау-

цехының шебері, газ-электр дәнекерлеуші, электр ұстасы, газ құрал-жабдықтарын құрастыру және жөндеу ұстасы, жартылай автоматтандырылған машинадағы электр дәнекерлеуші, арматуршы және монтаждаушы сияқты жұмысшы мамандықтарына 200 адамды оқыту көзделген.

Жоғарыдағы мәліметтерге қарап отырып қалада жұмысшы жоқ па, әлде жұмысшы болуға ықпал жоқ па деген ой келеді. Өйткені елордада бүгінде 17 жұмысшы мамандығына сұраныс бар екен. Бірақ сол сұранысқа ие жұмысшы табу оңай болмай тұр. Сондықтан кәсіпорындарға керекті мамандық оқытуға Үкімет әуелден айтарлықтай қатты бөліп келеді. Ал халықтың бір кезегі жұмысшы мамандығына деген төмен ықпалын пандемия дәл қазіргі кезде жұмысшы мамандығының қажеттігін уақыт көрсетіп отыр. Елде жарияланған карантин кезінде қос-қос дипломы барлардан гөрі аспаздар мен кондитер-



лердің дәурені жүріп тұрғандай.

Бұған дейін де мемлекет жастардың техникалық білім алуына ерекше көңіл бөлді. Кәсіптік-техникалық білім беру жүйесі өзгергені болмаса, кеңестік мектептен таныс. Алайда ұқсас болғанмен, қазіргі талап тіптен басқа. Өйткені қазір қоғамның жұмысшы мамандықтарына зәрулігі қатты білінеді. Осыдан отыз жылдай бұрын еңбек нарығында кәсіби, білікті жұмысшы мамандығының жетпейтіні айтылатын. Бұл мәселе қазір де өзектілігін жойған жоқ. Бір ғана мысал, адамның баспанаға сұранысын қамту құрылыстың шапшаң жүруімен байланысты. Бірақ бой көтеріп жатқан құрылыс

сапасының жиі сынға ұшырауының бір ұшы білікті жұмысшы мамандардың жетіспеуінде жатқан сияқты.

– Негізгі мамандығым – экономист. Бірақ бір жыл да осы дипломмен жұмыс істей алмадым. Тәжірибе жоқ. Ел қатарлы диплом алу керек болған соң оқып едім. Осы кезге дейін құрылыс саласында жай ғана жұмысшы болдым. Кейін қаладағы Жұмыспен қамту орталығына келіп, мұнда жұмысшы мамандығына тегін оқуға болатынын және сұраныстың бар екенін білдім. Қазір мен электр дәнекерлеуші мамандығына оқып жатырмын. Бұйырса, жұмыс та табылады деп сенемін, – дейді Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны, Аслан Хабиев.

Бүгінгідей еліміз өндірістік-инновациялық даму жолына түскенде жұмысшы мамандарының бұрынғыдан бетер қажеттігі сезіледі. Бұл туралы айтылғанына да бірнеше жыл болды. Жоғарыдағы Жұмыспен қамту орталығының мәліметіне сүйене отырып, қазір жастардың көбі кәсіптік мамандықтарға қызыға қоймайды деген түсінік ескіргендей. Қайта қоғам қажет етіп отырған зәру мамандықтарды игеруге жастарымызда құлшыныс бар. Өйткені сұранысы төмен мамандыққа оқып, жұмыс таба алмай отырғаннан белгілі бір кәсіпті меңгеріп, өз ісінің шебері атанып, өмірде өз жолын тапқанын қалайтын жастар көп...

## ІНДЕТ КЕЗІНДЕГІ ІЛТИПАТ

Елорда тұрғындарының дәрігер қауымына деген ілтипаты, сонымен қатар мұқтаж адамдарға қолдау білдіруі артып келеді.

Дәулет  
АСАУОВ

Астаналықтардың ниет-пиғылынан да шығар, бас қаланың орталық көшелерінде COVID-19 – ға қарсы күрескен 40-тан аса дәрігердің суреті бар билбордтар пайда болды. Бұл – медицина қызметкерлеріне пандемия кезіндегі қажырлы еңбегі үшін көрсетілген құрмет. Осылайша, шара бастамашылары дәрігерлерге қажырлы еңбегі мен індетпен күресте өмірін сақтап қалғаны үшін алғыс білдіреді.

Бұл ілтипат Құрбан айт кезінде тіптен айқын көрінді.

Қала тұрғындары арасынан белсеніп шыққан азаматтар қайырымдылық шарасын өткізіп, медициналық мекемелерге ыстық тағам таратты. Жергілікті билік рұқсат еткен орындарда бір мезетте бірнеше қазанға палау басылды. Ұйымдастырушылар мереке болған соң, құрбандық малының етін пайдаланды. Құрбандық малының еті мен басқа да азық-түлік өнімдерін ауқаттылармен қатар қарапайым адамдар да әкеліп беріп жатты. Дайын ас тамақтануға ыңғайлы болу үшін арнайы ыдыстарға салынды. Оны аурухана қызметкерлеріне жеткізіп беру ісімен

ерікті жастар және белсенді топ мүшелері айналысты.

Сондай-ақ бұл күндері қаладағы 1500 мұқтаж адамға ыстық тамақ таратылды. Игі істің санитарлық талапқа сай болуын медицина қызметкерлері қадағалап отыр. Ас даярлауға көнігі аспаздар, тәжірибелі мамандар қатысты, ас-су қаладағы мейрамханалардың бірінің асханасында әзірленді.

– Жұмыс ауыр емес. 4 аспазымыз, екі көмекшіміз бар. Ас мәзірін қалалық әкімдікпен бірлесіп отырып жасадық. Бірінші асқа сорпа, екіншісіне қою тағам, оған қоса салат әзірленген. Оның тұтынуға қауіпсіз екенін са-

нитар дәрігерлер осы жерде тексеріп барып, қорытындысын береді, – дейді аспаз Айгүл Сәрсенбаева.

Санитар дәрігер Дамира Нұранның айтуынша, мұқтаж жандарға таратылатын тағамдар барлық санитарлық талаптар сақтала отырып әзірленген. Санитар мамандар ас-судың өнімдерін құрамынан бастап, тағам даярлаушы және таратушы адамдардың арнайы киімдеріне дейін түгел қадағалайды. Барлығына медициналық кітапша, беттүмшаларының болуы талап етіледі. Дайын ас тек осыдан кейін ғана тұтынушыларға жол тартады.

– Тек қана тағам таратып қоймастан, жағдайы төмен отбасыларды ет өнімдерімен қамтамасыз етіп отырмыз. Ет таратуға 500-ге жуық еріктілер мен автоеріктілер көмектесті. Ыстық тамақты таратуға 200 ерікті үлес қосты. Құрбан айт мерекесі кезінде демеушілер қолдауымен үш күнде 8100 адамға тамақ үлестіріп үлгердік. Ыстық ас бірінші кезекте Нұр-Сұлтандағы 12 стационардың қызметкерлеріне жеткізіледі. Бұл тізімде қарттар мен балалар үйі де бар, – деді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы басшысының орынбасары Аян Ерментаев.



Иә, біле білсек, адамдардың жеке басы сияқты, тұтас қоғамның да қасиеті қысылтанып шақтарда сыналады. Сол кезде тағдыр тезіне сын бағандар одан бетер шыңдалып, ширай түседі, ал бопсаны көтере алмағандар құрдымға кетеді. Одан кейін қайта тұрып, өмір көшіне ілесулері неғайбыл.

Аты жаман індет қазақ үшін күрделі сын болды, осындайда халқымыздың ауызбіршілігінің нығая түсуі, бір-біріне деген бауырмалдық сезімдерінің арта түскені қуантады.

Шалғай ауылдардың тұрмысы белгілі, елді мекендердің

жетпей жатқан «жоғы» көп. Әсіресе аталмыш індет кезінде ауылдағы ағайын дәрі-дәрмекке өте зәру болып қалды. Осы қысылтанып шақта астаналықтар туған ауылдағы ағайын-тумаларына да қажетті дәрілерін, басқа да керек-жарақтарын тауып беріп, сәлем-деме жіберіп жатыр. Халқымыздың «Ынтымағы берік елге қайғы да жоламайды» деген нақылы осындайда айтылса керек. Осынау ауыртпалық күндері ұлттымыздың ұнжырғасы түсіп кетпей, керісінше етек-жеңін қамтап, бір-біріне деген көмек-қолғабысын арттыруға өте қуанышты жайт.



## АЛҒАШҚЫ КҮННЕН – АЛҒЫ ШЕПТЕ



» Қазақстанда тапшы саналатын аз ғана кәсіби инфекционисттердің бірі – елордалық Эльмира Әдішева. Ол туралы көбіміз Facebook желісінде жеңгесінің жазбасынан оқып білгеніміз рас. Оның ешкімге ұқсамайтын тағдыр жолы, өмірінде кездескен қиындықтарға қарамастан алға ұмтылуы көпшілік оқырмандарды таңғалдырған болатын.

Осы күрделі кезеңдерде дерт жұқтырған науқастармен бет-бет қалған алдыңғы шептегі барлық медициналық персонал аурухана босағасынан аттап шықпай, адамдардың өмірі үшін «ұлы күрес» жүргізіп жатты. Тек маусым айында – эпидемиологиялық жағдай оңала бастағанда олар үйлеріне оралып, туыстарымен, отбасыларымен қауышты.

– Бастапқыда өте қиын болған себебі дәрігерлер, медбикелер, тіпті санитарлар да жетіспеді. Қазір жағдай біршама жақсарды. Мысалы, наурыз-сәуір-мамыр айларында әр дәрігерге түсетін жүктеме өте ауыр болды. Себебі жаңадан медицина қызметкерлері, әсіресе, орта және кіші медициналық персонал көптеп қызметке алынды. Қазіргі ахуалдың жақсаруы ол, әрине, карантин енгізудің арқасында деп ойлаймын. Одан әрі шектеу шараларын жұмсарта отырып карантинді тағы екі аптаға созығы да дұрыс болды. Бүгінгі өзінде адамдар қауіпсіздік талаптарын сақтап жүрте біраз дағдыланып қалды. Бізге бірден еркінсуге болмайды. Алдыңғы карантиндегідей тағы босаңсып кетсек, алдымызда нағыз тұмау маусымы келе жатқанда тұрақты жағдайды ұшықтырып алуымыз мүмкін, – дейді Э.Әдішева.

Түлкібастағы туған жері Т.Рысқұлов ауылында жүргенде тоғызыншы сыныптағы оқушы қыз ішек инфекциясымен қатты ауырғаны есінде. Алайда жағдайы нашарласа да, оны ауруханаға жатқызу созылып кетеді. Тек лауазымды жақын туысының «бір телефон қоңырауынан» кейін ғана оны қараған. Сонда ол адамдарды жағдайына қарап бөлмей, алаламай, бәріне бірдей қарайтын дәрігер, соның ішінде дәл осы инфекционист боламын деп алдына мақсат қойыпты. Содан бері Эльмира өз арманына жету жолында

ештеңеден қаймыққан емес. Көпбалалы отбасында дүниеге келіп, артына қарайлайтын кішкентай бауырлары бар еді. Сонда да болсын ол өзі қалаған мамандығын жетік меңгеру үшін ұзақ жылын білім алуға сарп етті. 2001-2003 жылдары «Мирас» университетінің емдеу ісі факультетінде, 2003-2007 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік медицина академиясында білім алды. Ал интернатураны жұқпалы аурулар бойынша 2009 жылы тәмамдады. Еңбек жолын 2010 жылы елордадағы жұқпалы аурулар ауруханасында бастады. Содан бері 10 жыл уақыт ішінде ол дәрігер-инфекционист болсам деген бала арманын жүзеге асырып келеді. Қазір байқасақ, жұқпалы аурулар секілді жаһандық тәжіриуспен күресте инфекционист мамандары ауадай қажет. Білуімізше, қазіргі таңда елордада кәсіби 15 шақты инфекционист дәрігер ғана бар екен.

Эльмира Әдішева бес жылдан бері негізгі жұмысына қоса Астана медициналық университетінде жұқпалы аурулар кафедрасының ассистенті болып жүр. Сонымен қатар елордадағы барлық стационарлар мен медициналық-санитарлық реабилитация орталығына және наркологиялық диспансерге, ұлттық ғылыми онкологиялық орталыққа, шаруашылық құқығындағы мемлекеттік коммуналдық мекемелерге консультациялық қызмет көрсетеді.

Анасынан ерте айырылған Эльмира бүгінде артынан ерген алты бауырын жалғыз өзі жетілдіріп, бәрін оқытып, аяқтандырды. Соңғы 4 айда дертпен күресте көрсеткен ғаламат еңбегі үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Шапағат» медалімен марапатталды.

Эльмира сияқты дәрігерлер қауымы марапатқа да, құрметке де, қамқорлыққа да лайықты!

Дайындаған Райхан РАХМЕТОВА

Кейіпкеріміз – талайдың өмірін жалмаған тәжтажалмен күрес жүргізуді бастаған ең алғашқы дәрігерлердің бірі. Оның коронавируспен күрестегі бір күні жайлы ролик те, мылтықсыз майданның қақ ортасында өз өміріне төнер қауіпті ойламастан жасап жүрген жанкешті ерлігі жайлы жазбалар да шықты. Бірақ осыншама көзсіз ерлік пен қайсарлықтың астарында қаншама сынақтардан құралған жеке тағдыры тұрса да, ол мұны көпке көз қылып жария еткенді қаламайды.

Бүгінде Эльмира Батырбекқызы елордадағы көпсалалы инфекциялық аурулар орталығында еңбек етеді. Науқастарды ажал тырнағынан аман алып қалу үшін қауіпті вируспен күрестің ең алдыңғы шебінде жүр. Ал оның індет елді енді шарпы бастағанда коронавирус жұқтырған ең алғашқы науқасты қабылдаған дәрігер екенін біріміз білсек, біріміз білмейміз.

– Биыл 28 қаңтардан бастап осы орталықтың оқшаулау блогында Қытайдан, соның ішінде Уханьнан және Жапониядан, Германиядан, Ресейден, АҚШ-тан, басқа да шетелден келген еліміздің азаматтарын қабылдауды бастадық. 14 күн оқшаулап, олардан алынған ПТР талдау

сынамасының нәтижесі келген соң ғана жұқтырмағандарын үйлеріне жібердік. Солардың арасынан Нұр-Сұлтан қаласында ең бірінші коронавирус инфекциясын жұқтырған пациентті мен өз кезекшілігімде 13 наурызда қабылдаған едім. Оның ПТР тест нәтижесі «оң» болып шыққанын мен үйде болғанда әріптестер хабарлап айтып, дереу мені жұмысқа шақыртты. Бірден науқаспен байланыста болған адам ретінде коронавирустың бар-жоғына тест тапсырдым. Менен дерттің инфекциясы жоқ екені анықталған соң 15 наурыздан бастап қатарынан үш ай бойына үйімізге бармай, барлық әріптестермен бірге стационарда дертпен күні-түні күрестік. Ал ең бірінші жұқтырған науқас елорда тұрғыны болмағандықтан, ауру анықталғанда Нұр-Сұлтан қаласында болды. Ол адам баяғыда емделіп, үйіне кетті, – дейді дәрігер.

Бұл аралықта изолятордың медициналық қызметкерлері санитарлық талап бойынша арнайы дайындалған қонақүйде ғана өмір сүрді. Алғашында ешкімге де оңай соқпағаны белгілі. Сол бірінші науқасдан кейін күн сайын дерт жұқтырудың жаңа дерегі шығып отырғандықтан, ахуал күрделене түскенін Денсаулық сақтау министрлігі хабарлап отырды.

## ЕМДЕУ ХАТТАМАСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІК

» Қазақстанда бір ай іссапарда болған ресейлік дәрігерлер осы апта басында елдеріне кетті. Коронавирус бізден бұрын жетіп, дертпен күресте тәжірибесі көптеу елдің мамандарынан не көмек болды? ДДҰ-ның емес, Ресейдің емдеу хаттамасын қолдану Қазақстанға қайыр бергені рас па? Бұл жөнінде жергілікті медицина мамандарынан сұрап көрдік.

Астана медициналық университетінің қоғамдық денсаулық және менеджмент факультеті деканының орынбасары Валерий Шварцтың айтуынша, Ресей мамандарының емдеу хаттамасындағы ерекшелік – оның өкпе тромбозы болмау үшін пневмонияға жол бермеуге бағытталғандығы.

– Ресей пандемиямен күрес әдістерін енгізуде бізден алда келе жатыр. Олар бұл мәселені карантиннің алғашқы кезеңінде түсініп, өздерінің емдеу хаттамасын жасады. Сол хаттамадағы тәсілдерді біз де қолданып, өкпе тамырларында тромбоз

пайда болуына жол бермей, қанды сұйылтатын гепатопротекторларды қостық, – деп түсіндірді ол.

Оның айтуынша, коронавирустық пневмония өкпе тромбозын тудырады. Оны әдеттегі пневмония сияқты антибиотиктермен емес, аталған хаттамаға сәйкес емдеу ғана нәтиже береді. Қазақстанда бастапқыда коронавирустық пневмонияны емдеуде де антибиотиктер қолданылып, нәтижесі шамалы болған. Себебі қан қоюланып, өкпе тромбозы пайда бола бастаған. Бұдан науқастың өкпесі өз қызметін толық атқара алмай, қанға оттегі түспейді, содан адам

оттегі жетпей қайтыс болады. Әлде болмаса қанның қоюланғанынан пайда болған тромбтар жарылып, соның салдарынан маңызды құретамырлар бітеліп қалады. Бұл да ажал қаупін күшейтеді.

Көрші елден келген 30 маман қазақстандық әріптестеріне коронавируспен күресте ұйымдастырушылық, әдістемелік, практикалық тұрғыда көмек көрсетті. Оларды апта басында ҚР Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Марат Шоранов бастаған қазақстандық медицина қызметкерлері ерекше алғыспен, құрметпен өз елдеріне шығарып салды.

Дәрігер кеңесі



Ғабит НҰРХАНҰЛЫ, анестезиолог-реаниматолог

## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН САҚТА!

» Аурудың қалай жұғатыны әлі белгісіз. Сондықтан сақтану жолы да беймәлім. Ауа арқылы жұғады деп жүрміз, дегенмен науқаспен еш байланыс болмай, вирус жұқтырып жатқандар да бар.

Коронавируспен ауырмаудың нақты нұсқаулығы жоқ. Ең бастысы, салауатты өмір салтын ұстанып, дұрыс тамақтану керек. Сондай-ақ дене жаттығуларын жасап, гимнастикамен айналысу қажет. Стресске әкелетін жағдайлардан, қарызға ақша, несие алудан қашқан жөн. Себебі адамды жегідей жейтін уайым деген жаман, ол адамның иммунитетін түсіруге апарады.

Симптомды немесе симптомсыз науқас деп айтып жүргеніміз – теориялық тұрғыдан бір нәрсе. Алдыңғысында да вирус бар, тек ол жасушаның сыртында, сондықтан клиникалық белгісі болмайды. Алайда вирусқа сәл мүмкіндік берсе, ол бір-ақ минуттың ішінде симптомды науқасқа айналып шыға келеді. Ол қалай болады? Яғни адам салқын су ішсе, балмұздақ жесе, кондиционер алдында тұрып қалса, сөйтіп суық тиізіп алса, симптомсыз түрден симптомды түрге ауысып кетуі мүмкін.

Үй жағдайында өкпеге арналған жаттығулар жасау туралы айтылады. Бірақ жасы 70-тен асқан, қан қысымы бар, коронавируспен ауыр дәрежеде ауырған науқастар жаттығу жасай алмайды. Өйткені олар ентігіп қалады. Бұл жаттығуларды тек жеңіл және орта дәрежеде ауырғанда жасайды. Бір айта кетерлігі, өкпе жаттығулары ешқандай да емге жатпайды, ол – тек қосымша сауықтыру шарасы.

Тағы бір өкінішті жағдай – ауруханаға көп адамдар ауруын асқындырып барып келетіні. Мысалы, ауырса да шыдап, жедел жәрдем шақырмай, үйлерінде бір аптадай жатып қалады. Бұл аралықта ауруы қатты асқынып, өлім аузында жатқанда ғана жеткізіледі. Адамдардың көбі ентігуі жиілеген кезде де, тіпті дене қызуы 40 градустан түспесе де шыдап жата береді. Бірақ бұлай істеуге болмайды. Егер адамның дене қызуы 39-40 градусқа жақындаса, ентігу жиілесе, әлсіздік күшейсе, тез арада жедел жәрдем шақыртуы керек.



# COVID-19

## ЕНДІГІ ҮМІТ – ЕКПЕДЕ

» Өлемнің 216 елін әлекке салған COVID-19 індетінің ойраны оңай болмай тұр. Атап айтқанда, жаһанды жалмаған вирусты 18 миллионнан астам адам жұқтырып, 690 мың адам бақилық болды. 11 миллионнан астамы сауығып шықты. Дендеген дерттің әзірге беті қайтар түрі жоқ. Кейбір елдер екінші толқынына дайындалып жатыр. Ал ДДҰ мамандары болса адамзат аты жаман аурумен кемінде әлі екі жыл күреседі деп отыр. Осы жағдайға байланысты жаһан жұртшылығы дертке қарсы екпенің ертерек дайындалуын төрт көзбен күтіп отыр.



ҚАЗІРГІ ТАҢДА ВАКЦИНА ЖАСАУҒА 70-ТЕН АСТАМ ЕЛ АТСАЛЫСУДА

ДДҰ хаттамасын негізге ала отырып, әр ел өз жағдайына қарай аты жаман індетті емдегенмен, бүгінге дейін кеселді пышақпен кескендей сауықтыратын емі әлі табылған жоқ. Сосын да дамыған елдер эпидемияға қарсы вакцина іздеп жатпай жатыр. Кейбір елдер COVID-19 вирусына қарсы екпенің ондаған түрін дайындап, алдын адамға салып, клиникалық зерттеу сынағын бастап та кетті. Алайда мамандар тиімді және қауіпсіз екпе жасап шығару ұзаққа созылатын процесс, COVID екпесінің дайын болуына да бір жыл уақыт кетуі мүмкін деп отыр.

COVID-19 вирусына қарсы вакцина 2021 жылдың бірінші тоқсанынан кейін дайын болатыны жайлы ДДҰ бағдарламасының директоры Майкл Райан мәлімдеген болатын. Қазіргі таңда вакцина жасауға 70-тен астам ел атсалысуда. Олардың арасында АҚШ, Ресей, Жапония, Италия, Израиль, Ұлыбритания, Канада, Германия және Қытай сынды бірқатар елдердің ғалымдары белсенді жұмыс атқарып келеді. Қазақстанда да екпе жасау жұмысы қарқынды жүріп жатыр.

### АҚШ-ТА ВИРУСҚА ҚАРСЫ ҮШІНШІ СЫНАҚ ӨТТІ

Індет жұқтырғандардың саны жағынан көш бастап тұрған АҚШ екпені зерттеп, жасау жағынан да алда келеді. Атап айтқанда, Құра-

ма Штаттарда өндірілген COVID-19 дертіне қарсы вакцина клиникалық сынақтың үшінші кезеңінен өте бастады. Бұл туралы АҚШ-тың вице-президенті Майк Пенс хабарлады. Майами университеті ұйымдастырған зерттеу жұмыстарына шамамен 30 мың ерікті қатысқан. Бұл – әлем бойынша ең ауқымды зерттеу. Шараның ерекшелігі – еріктілерге екпе ғана емес, сонымен қатар плацебо да егілетін болады. Ғалымдардың айтуынша, зерттеудің алғашқы нәтижелері бірнеше айдан соң белгілі болмақ. Ал жобаның жалпы құны шамамен 900 миллион долларға бағаланып отыр.

Өткен аптада Ақ үй басшысы Дональд Трамп та коронавирусына қарсы екі вакцинаны соңғы клиникалық сынақтан өткізуді бастағанын айтып, АҚШ ғалымдарының екпе жасау жолында күнді түнге жалғап жұмыс істеп жатқанын мақтанышпен атап өтті.

Жалпы, АҚШ-та 20-ға жуық вакцина дайындалған еді. Алайда зерттеу барысында тағы да сұрыпталып, 6 екпе клиникалық сынақ басқышына өтті. Жоғарыда аталған екі екпеден бөлек, тағы 4 вакцина да соңғы сынақ кезеңіне жақындады.

### РЕСЕЙ ДЕ АҚШ-ПЕН ҚАТАР КЕЛЕДІ

Ресей – коронавирусына қарсы вакцинаны алғашқы болып сынақтан өткізген елдердің бірі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы

коронавирусына қарсы «бөлашағы бар препараттар» тізіміне 9 ресейлік вакцинаны енгізген. Маусым айында Мәскеуде коронавирус инфекциясына қарсы вакцинаның екі формасы сынақтан өткізіле бастады. Оны Гамалея атындағы эпидемиология және микробиологияны зерттеуге арналған ұлттық орталық жасап шығарған. «РБК» мәліметінше, елдің Денсаулық сақтау министрлігі Бурденко атындағы әскери госпитальда тышқандарға сынауға арналған сұйық вакцина, ал Сеченов атындағы университетте ұнтақ түріндегі вакцинаны сынақтан өткізген. Ал 18 маусымда коронавирусына қарсы вакцинаны тестілеуден өткізуге алғашқы 18 адам қатысқан. Олар екі топқа бөлініп, тәжірибеге қатысушыларға екі түрлі компоненттегі вакцина салынған.

Екінші рет сынақтан өтіп жатқан препараттың нәтижесіне қарағанда, тәжірибеге қатысқан еріктілердің ағзасында вирусына қарсы антидене көрсеткіші жоғары екені анықталған. Егер де COVID-19 вирусына қарсы бұл препарат келесі кезеңдерде де оң нәтиже көрсететін болса, вакцина қаңтар айында мол мөлшерде өндіріске шығарылуы мүмкін.

Өткен айдың соңында Ресей Денсаулық сақтау министрі Михаил Мурашко Ресейде індетке қарсы маусым айында клиникалық сынақтар басталғанын, шілденің аяғына дейін алғашқы препараттар пайда

болуы мүмкін деп хабарласа, Гамалея атындағы эпидемиологиялық және микробиологиялық ұлттық зерттеу орталығының өкілдері шілденің басында «Ресейде коронавирусына қарсы вакцина тамыз айында шығуы мүмкін» деп мәлімдеп отыр.

### ҚЫТАЙ ДА ҚАТАРДАН ҚАЛАР ЕМЕС

Дауасы жоқ дерттің дер кезінде алдын алмай, бүкіл әлемді әлекке салған Қытай да екпе жасау ісінде ешкімнің артында қалғысы келмейтін сынайлы. АҚШ алғашқы вакцинаны сынақтан өткізуді бастағанда, бұл ел де 2 вакцинаны сынақтан өтіп жатқанын мәлімдеген еді. Соның бірі – Қытайдың әскери-медициналық академиясы жасаған жаңа дәрі. The Lancet журналына жарияланған зерттеу қорытындысы бойынша бұл дәрі екінші клиникалық сынақ кезінде өзінің қауіпсіз екенін және COVID-19-ға тойтарыс бере алатынын көрсеткен. Бұған қоса, адам ағзасында антиденелердің пайда болуына септігін тигізеді екен. Енді сынақ жұмыстарының үшінші кезеңін шетелде өткізу бойынша келіссөздер жүргізіп жатыр.

### ЕЛІМІЗ ДЕ ЕКПЕ ЖАСАП ЖАТЫР

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты вакцинаны дайындауға наурыз айының ортасынан бастап кіріскен еді. Қауіпті инфекциялармен жұмыс істеу үшін 13 биологиялық қауіпсіздік зертханасында жұмыс істейтін еліміздің жетекші вирусолог-ғалымдарын біріктірген ұйым өте қысқа уақыт ішінде жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижесінде 9 мамырда алғашқы вакцинаны шығарды. 15 мамырда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы оны өз сайтында клиникаға дейінгі сынақтарға арналған кандидаттық вакцина ретінде тіркеді.

ДДҰ-ға тіркелген күні зертханалық жануарларға (тышқан, егеуқұйрық, қоян) вакцинаның клиникаға дейінгі сынақтары басталды. Бүгінгі таңда сынақ нәтижелері ДДҰ регламенттеген барлық параметрлер бойынша, атап айтқанда, уыттылық, пирогендік, аллергиялық, иммуногендік, вакцина ДДҰ мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакология талаптарына сәйкес келетінін көрсетеді. Сонымен қатар БҚПҒЗИ вакцинаны антиденелер титрі жоғары иммуногендікті көрсеткен приматтарда да сынақтан өткізіп жатыр.

Клиникаға дейінгі зерттеулер аяқталғаннан кейін көп ұзамай вакцинаның клиникалық сынақтары басталады. Сондай-ақ БҚПҒЗИ әртүрлі платформаларда тағы үш вакцинаны: COVID-19-ға қарсы қосалқы, векторлық және тірі кандидаттық вакциналарды дайындап жатыр.




## ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ



### БЕЙРУТТЕГІ ЖОЙҚЫН ЖАРЫЛЫС

Ливанның Бейрут қаласында 4 тамызда болған жойқын жарылыстан қаза тапқандар саны – 78, ал жараланғандар саны 4 мыңнан асты. Елдің Денсаулық сақтау министрлігі қаза тапқандар саны өсуі мүмкін деп мәлімдеді. Елде 5 тамыз Қаралы күн деп жарияланды.

Жарылыстан көптеген ғимарат қираған. Көшеде аударылған көліктер, шағылған терезелер, кірпіш, тастар жатыр. Автокөлік қозғалысы да бұзылды. Қала ауруханаларына жараланғандар көптеп түсіп, сыймай қалған. Иорданияның сейсмологтары жойқын жарылыстың күші магнитудасы 4,5 балдық жер сілкінісінің қуатымен бірдей болғанын айтады. Ливанның Жоғарғы қауіпсіздік кеңесі Бейрут қаласын апатты аймақ деп жариялады. Ливан үкіметінің болжауынша, жарылыс пиротехника болған қоймада сақталған қауіпті заттардың жарылуынан болған. Жарылыстан Ливандағы Қазақстан елшілігі де зақымданды.



### ЛУКАШЕНКО ЖЕҢЕ МЕ?

Беларусь президенті Александр Лукашенко 9 тамыздағы сайлау алдында саяси қарсыластарын 90-жылдардағыдай елдің «быт-шытын» шығарғысы келетін «шетел агенттері», «олар шеттен ақша алып отыр» деп айыптады.

Лукашенко қарсыластарының 1994 жылғы Конституцияны қайтару туралы талабын орындамайтынын айтты. 94 жылғы Конституцияға сай, президент тек екі рет сайлауға түсе алатын. Ал Лукашенко елді 26 жылдан бері басқарып келеді. Батыс дипломаттары Беларусьті Еуропадағы ең соңғы диктаторлық ел деп атайды. Беларусьта президенттікке кандидат Светлана Тихановскаяны қолдаушылардың қатары күн санап молайып барады. Оның сайлауалды бағдарламасы да жұрт көңілінен шықты. Қазір елде Лукашенкоға қарсылық күшейген. Жұрттың көбі елде өзгеріс болғанын қалайды.



### ЖЕР ШАРЫН ЖАЙЛАП БАРАДЫ

Әлем елдерінің 70 пайызында вирус жұқтыру жағдайлары күн сайын өсуде. 5 тамыз күнгі мәлімет бойынша індет жұқтырғандар саны 18,5 миллионға жетіп, қайтыс болғандар саны 700 мыңға жақындады.

40 Еуропа елінде немесе құрлықтағы елдердің шамамен 80 пайызында өсім тренді байқалуда. Азия мен мұхит елдерінде бұл көрсеткіш шамамен 70 пайызды құрайды. Дерттің бетін қайтардық деп даурыққан Қытайда да соңғы кездері індет қайта өршіді. Атап айтқанда, Қазақстанмен шекаралас Шыңжаң өлкесінде 600-ден аса адам инфекция жұқтырғаны анықталып, енгізілген қатаң режим себебінен тұрғындар үйінен шыға алмай отыр.



Бетті дайындаған  
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



## БАСТЫ ОҚУ ҚҰРАЛЫ – КОМПЬЮТЕР МЕН ТЕЛЕДИДАР

» Еліміздің мектептерінде биыл алғашқы қоңырау онлайн түрде соғылады. Жұқпалы індеттің таралуына жол бермеу үшін Білім және ғылым министрлігі осындай шешім қабылдады.

Еліміздегі 7391 мектептегі 3,3 миллиондай баланың 2,6 миллионы – қашықтан оқу форматында, 530 мың бала – кезекші сыныптарда, ал штаттық түрде ауылдарда 157 мыңнан астам оқушы білім алады. Жаңа оқу жылының қарсаңында мұқтаж отбасылардан шыққан 500 мың оқушыны компьютермен қамтамасыз ету жоспарланған. Оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 689 жетім балалар, 7212 аз қамтылған және 4159 көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар бар. Олар оқу жылының басына

дейін түгелдей компьютерлік техникамен, роутерлермен қамтылады.

Еліміздегі оқушылардың 80 пайызы, яғни 2 миллион 600 мың бала 1 қыркүйектен бастап тағы да компьютер мен теледидарға жүгінеді. Осы орайда оқушының материалдық қажеттілігінен бұрын, рухани сұранысын өз деңгейінде қамту оңай емес. Министрдің айтуынша, осыншама оқушыға қашықтан білім берудің тиімді жолдарының бірі – телесабақтар дайындау. Осыған дейін 6 мың онлайн-дәріс әзірленіпті.

– Теледидар сабақтары «әл-Фараби» мен «Ел арна» арналарында көрсетіледі. Кем дегенде әрқайсысына 9 сағаттан эфир берілді. Оған қоса, барлық телесабақтар интернетте орналастырылып, оқушылар үшін тегін және қолжетімді болады, – деді Асхат Аймағамбетов Үкімет отырысында.

Министр атаған екі арна 604 елді мекенде көрсетпейді екен. Алайда оның жартысында мектепке баратын оқушы жоқ көрінеді. Ал қалғандарында бұл мәселе телесабақтарды жергілікті телеарналардан көрсету және спутниктік антенна орнату арқылы шешілмек. Алайда онлайн оқытудағы қиындық аз емес. Шалғайдағы ауылдарды айтпағанның

өзінде, кей аудан орталықтарында интернеттің жылдамдығы төмен екенін төтенше жағдай көрсетіп берді. ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушы Бағдат Мусиннің айтуынша, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында талдау жасалған. Соның негізінде қосымша антенналық құрылыстар орнатылатын орындар айқындалғанын және осы мәселеге байланысты жергілікті әкімдіктерге тиісті тапсырма беру керектігін айтты. Сөйтіп байланыс сапасы нашар аймақтардың проблемасын шешуге болады деді.

Бетті дайындаған Гүлжан АБАЙҚЫЗЫ

## ОНЛАЙН ОЛИМПИАДАДА ОЗДЫ

» Пандемия пән сайыстарына тосқауыл болған жоқ. Өйткені білімді мыңды ғана емес, індетті де «жеңеді». Жақында әлемдік пән олимпиадасына қашықтан қатысып, ел мерейін асырған еліміздің оқушылар құрамы қола жүлдеге ие болды.

Химия бойынша ең беделді халықаралық «IChO» олимпиадасы пандемияға қарамастан өтті. Олимпиаданы Түркия мемлекеті ұйымдастырған. Ыстанбұлда өткен білім бәсекесіне әлемнің 60 елінен 200-ден астам оқушы қатысқан. Әр ел ұлттық біріншіліктің жеңімпаздарын, яғни 4 студенттен тұратын ұлттық құраманы ұсынды. Олимпиаданың талабы да осы. Қазақстан халықаралық турнирге іріктеу турлары мен Менделеев олимпиадасының жалпы рейтингісінің нәтижелері бойынша құрама команданың мүшесі болған 4 үміткерді ұсынды. Команда құрамында Нұр-Сұлтан қаласынан екі оқушы бар: Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Әбілмансұр Мужубаев, дарынды ер балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернатының оқушысы Бақдәулет Сейсенқұл.

«Химия пәнінен білім бәсекесі өте тартысты өтті. Әсіресе, Оңтүстік Корея, АҚШ, Қытай, Ресей, Сингапур, Жапония және басқа да елдердің оқушылары өздерінің мықтылығын көрсетті» дейді олимпиаданың ең жас қатысушысы Бақдәулет Сейсенқұл. Ол

бұл сайыста командалық құрамда жекелей де сәтті нәтиже көрсетті. Осы қатысуда химиядан әлемдік олимпиада іріктеуінен өтіп, келер жылға алтын алудан үмітті. 16 жастағы Бақдәулеттің бұл жетістігі бізді де қызықтырып, хабарластық.

– Олимпиада қашықтан өткенмен, халықаралық атмосфера сезіліп тұрды. Әрбір мемлекет өз елінің ішінен ең мықтыларын таңдап осы олимпиадаға қатыстырды. Әрине, олармен бәсекеге түсу оңай болған жоқ. Бірақ сол бәсекелесте өзін ең жақсы көрсеткен мемлекеттердің бірі АҚШ құрамасы болды. Олардың командасы 4 алтын жеңіп алды. Осы олимпиадаға әзірлеген ұстаздарым Сұлтан ағай мен Махмұд Қозак бейге алғысым шексіз, – дейді олимпиада жүлдегері Бақдәулет Сейсенқұл.

Айта кетейік, құрама команданың жаттықтырушылары қазақстандық оқушылардың химия пәнінен 52-халықаралық олимпиадада елімізді лайықты деңгейде көрсетуі үшін бар білім-білігін салғаны қуантты. Ал әлем елдерінің алдында өздерінің алған білімдерін көрсете алған жастарымызға сәттілік тілейік.



## ЖАҢАРТЫЛҒАН ЖҮЙЕ ОЗЫҚ ҮЛГІ БОЛА АЛДЫ МА?

» Биыл жаңа оқу жылында жаңартылған білім беру жүйесіне еліміздің мектептері толық көшіп болады. 2016 жылы ел мектептерінің 1-сыныбынан басталған жаңа жүйе 2020 жылға дейін кезең-кезеңмен барлық сыныптарды қамтыды. Сарапшылардың айтуынша, бұл – әлемдік тәжірибенің озық үлгісі. Ендеше білім бағдарламасындағы жаңартылған жүйеге мектептер толықтай әзір болды ма? Бұл реформаның тиімділігі неде? Осы уақытқа дейін жаңа мазмұнда білім беру бағдарламасы өзін қаншалықты ақтады? Жақында халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» қалалық филиалының ұйымдастыруымен республика мұғалімдері арасында сауалнама жүргізілді. Осы орайда білім саласындағы өзекті сұрақтарға біз де жауап іздеген едік. Республикалық «QAZBILIM» орталығы директоры, химия ғылымдарының PhD докторанты Аятжан АХМЕТЖАНМЕН болған сұхбатты ұсынамыз.

– Аятжан мырза, «Білім мазмұнын жаңарту» бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеуде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалған дейді. Осыған қарамастан, білім саласына сын көп. Неліктен?

– Білім беру мазмұнын жасағанда, қазақстандық ұстаздардың пікірі ескерілген деген – жаңсақ пікір. Білім беру бағдарламасы кембридж бағдарламасы негізінде жасалған Назарбаев зияткерлік мектебінің бағдарламасын

жалпы білім беретін мектептерге бейімдеу болды. Өкінішке қарай, біріншіден, бүгінгі жалпы мектептердің әлеуеті мен жағдайы мүлде есепке алынбады. Екіншіден, ұлттық, әлеуметтік ерекшелік ескерілмей, алдымен орысша жазылып, сосын қазақшаға аударылған шала-жансар бағдарлама болды. Мектеп басқа, бағдарлама басқа, бала басқа болды. Ұшаққа арналған донғалақ машинаға жарамайды. Дәл сол секілді жағдай. Кез келген реформа шығу тегіне емес, қолданылатын жеріне бейімделу керек. Сондықтан жаңа бағдарлама түйенің мұрнын жұдырықпен

тесудей орашалақ. Сондықтан ол түзелмей, сын азаймайды.

– Жаңа мазмұнда білім беру үшін елімізде көптеген пән мұғалімдері біліктілігін арттыру курстарынан өтті. Нәтиже қалай деп ойлайсыз?

– Білім беру бағдарламасын жаңарту аясында мұғалімдер методологиялық тұрғыда қайта дайындаудан өтті. Бірақ ол үйренгенді қазіргі жалпы білім беру мектептерінде қолдану мүмкін емес. Себебін жоғарыда айттым. Сондықтан одан үлкен нәтиже күту – әбестік.

– Сонда ол босқа кеткен уақыт болғаны ма?

– Енді өзіңіз ойлаңызшы, алды 9 ай, арты 3 ай тілдік дайындықтан өтті. Бірақ 9 ай ағылшын тілін үйрену арқылы ағылшын тілінде сабақ беру мүмкін бе? Жоқ! Сондықтан бәрі де ақылға қонымсыз, үстірт.

– Ал енді қанша педагогты осы жаңа мазмұнда білімін тереңдету үшін мемлекеттен қыруар қаржы бөлінді. Бағдарлама шеңберінде «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ және «Назарбаев зияткерлік мектептері» тарапынан ұйымдастырылатын іс-шаралар бар емес пе?

– Бастапқы кезінде айтқанбыз. Ол – далаға кеткен ақша. Есіл экономика. Оның сұрауы болу керек еді. Сұралмады. Алдыңғы министр командасы осы іспен әлі істі боп ұсталып жатыр. Вице-министрден атшы-қосшыға дейін біраз адам жемқорлық бабымен істі болды. Сондықтан бұл істің нәтижесі туралы айтудың өзі – сөз шығындау.

– «Жаңартылған білім мазмұнын» одан әрі жетілдіру керек деп Білім министрінің өзі де мойындады. Біраз сын айттыңыз. Білікті маман ретінде қай тұрғыдан жетілдіру керек деп ойлайсыз?

– Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовпен кездескенде бұл ұсынысты айттым. Яғни, біріншіден, бағдарламаны мектептің шарт жағдайына бейімдеу. Мүмкін істерді алға шығарып, 100 қойдан 120 қозы алу науқаны секілді мүмкін емес шаруаны қысқарту. Мұғалімдердің методологиялық емес пәндік дайындықты шыңдау секілді дүниелер аса маңызды. Министр мойнындағы жүк тым ауыр. Жігері жетсе, қабілеті жетерлік деп ойлаймын. Әрине, осыны түйсінетін үйлесімді команда керек.



» 2008 жыл – Қазақстан үшін де, әлем үшін де маңызды және шым-шытырық оқиғаларға толы болды: Ақмола қаласының астана мәртебесін иеленуінің 10 жылдық мерейтойы, Бейжің Олимпиадасы, АҚШ-тан басталған ипотекалық дағдарыстың бүкіләлемдік қаржылық құлдырауға әкеліп соқтыруы, т.б. Біздің ұжым үшін маңыздысы – бұрынғы «Астана хабары» газетінің осы жылдың 9 тамызынан бастап «Астана ақшамы» болып шыға бастауы. Ел өмірінде орын алған басқа да оқиғалар аз емес еді. Солардың газет бетінде жарық көрген негізгі дегендерін ықшамдап көрсетуге тырыстық.



Газеттің алғашқы саны астананың 10 жылдық мерейтойына арналған ақпаратпен басталып, жыл бойы бұл тақырыпта ірілі-ұсақты материалдар үзбей жарияланып тұрды. Белгілі ғалымдардың мақалалары жарық көрді. Әлбетте, елордада қарқынды жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарының барысы әрдайым ел назарында жүрді.

ең биік 40 қабатты ғимарат (сол жылдарғы жағдай бойынша-авт.) – «Қазақстан Темір Жолы» ҰҚ» АҚ-тың егіз қозыдай қос корпустан тұратын бас кеңсесі 2008 жылы пайдалануға берілді.

**«ЖҮЛДІЗ БОЛЫП АЙТМАТОВ АҚТЫ»**

Осы жылы «адамзаттың Айтматовы» атанған Шыңғыс ағамыз сексенге қараған шағында ақтық сапарға аттанып кетіпті. Қанында түркінің тектілігі бар, қазақ-қырғызға ортақ тау тұлға туралы жазушы Рақымжан Отарбаев: «Алтынға сатылмаған арысты ажал қаншаға бағалағанын кім білген?! – деп естелік жазады газеттің 12 маусым күніндегі санында өзі де егіле отырып, оқырманды да егілтіп. – «Дүниеден Чікең өтті» дегенде, қарашымыз маңып-маңып барып орнын әрең тапқан. Бескүндік пәтуасыз жалған ең құрығанда бір бүлк етсейші. Құйын да ойнамапты. Жетім бүлт та сіркіремпетті».

Әлем әдебиетінің патриархтарының бірі болған, проза жанрына лиризм стилін енгізген заңғар тұлғадан, ұлттық мәдениет пен өнерді, сана мен сапаны, кино мен драматургияны шырқау биікке көтерген көрген жаннан айырылып қалдық.

**«ЕСІЛДЕ ЕНДІ КЕМЕМЕН ЖҮЗЕМІЗ»**

Астананың он жылдық мерейтойына орай Есіл өзеніне алғаш рет шағын кеме түсірілді. Қала тұрғындары үшін айтулы оқиғаны газет тілшісі Қымбат Токтамұрат былай суреттейді: «Осыдан біраз жыл бұрын Астанада кеме жүреді десе, ол ертегідей елестер еді. Енді міне, қала әкімдігінің қолдауымен бір айдан бері Есіл өзенінде шағын кемелер жүзе бастады. Су көліктерінің қызметін ұйымдастыратын, күтіп-баптайтын «Есіл-Астана» мекемесі құрылды» дейді тілші.



шақыртылған.

**«ЖАСАМПАЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА БОЙТҰМАРЫ»**

«Астана күні еліміздің баянды болашағына бағыт сілтейтін еңселі ескерткіш – «Қазақ елі» монументінің тұсауы кесілді. Оның салтанатты ашылуына қатысқан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің басты ескерткіші осы болатынын айрықша атап өтті» делінген газеттің мерекелік санындағы мақалада.

Әлбетте, ұлттық мерекелер – тек ішіп-жеу үшін емес, ұлт болып ұйысу, оның ұлылығын ұлықтау, санасын сергіту, тарихымызды жаңғырту үшін қажет. «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының басынан небір зобалаңдар, зар замандар, «Ақтабан шұбырындылар» мен ашаршылық жылдар, талай нәубеттер мен қырғындар өтті. Бірақ соның

бәрінен Жаратқанның жар болуымен, халықтың жанқиярлығы мен ерлігінің, төзімділігі мен өміршеңдігінің арқасында аман шықты. Кеңес үкіметінің қазақ ұлтын жойып жіберуге бағытталған барлық күйтырқы амал-айлаларынан, қаскөй саясатынан жүйкесі жұқарып, жаны жүдеп, рухы жұтанданғанымен, түптің-түбінде бәрбір ұлттық болмысын, ата-бабаның тектілік қасиетін сақтап қала алды. Оған бүгінде тәуелсіз мемлекет болып түтін түтетіп отыруымыз, ұрпағымыздың ешкімге жалтақтамай бұла болып өсіп келе жатқандығы дәлел. Сондықтан астана күні қарсаңында ашылып отырған «Қазақ елі» монументі – қазақ тарихының өткені, бүгінгі және болашағын тұтас қамтитын бірегей композиция ретінде қабылданып тұр.

**«ҚАП ТАУЫНДАҒЫ ҚЫРҒЫН»**

Естеріңізде болса, Бейжіңде 2008 жылы 8 тамызда XXIX жазғы Олимпиада ойындарының алауы жағылған күні Грузия мен Ресей арасында соғыс өрті бүрк ете қалып, әлем жұртшылығын дүрліктергені белгілі. Осы атышулы уақиға «Астана ақшамы» газетінің бетінен де көрініс тапқан. Дегенмен, мақала авторы Ерболат Камен саяси сараптама жасағанда «өгіз өлмес, арба сынба» тәсілді ұстанған. Бір тәуірі – журналист жанжалдасушы екі тараптың да ыңғайына құлай кетпеген. Саяси сараптамада осы оқиғаға қатысты Батыс ақпарат құралдарының да, ресейлік ақпарат құралдарының да пікірлерін қоса ұсыныпты. Мақала сонысымен құнды.

**БЕЙЖІҢ ОЛИМПИАДАСЫ**

«Баласы аламанда атқа шапса, шешесі үйде тақы-

мын қысып отыратын» ұлттың ұрпағы емеспіз бе, сондықтан қазақтың олимпиадаға деген қызығушылығы зор. Бәсеке, бәс, намыс тайталасқа түсетін жерде бойымызда батыр бабаларымыздан қалған жауынгер көшпенділердің қаны ойнап шыға келетіні рас. Осы ерекшелікті ескеріп, «Астана ақшамы» газеті Бейжіңде өтіп жатқан XXIX жазғы Олимпиада ойындарынан үзбей ақпар беріп отырған.

Төрт жылда бір келетін әлемдік додаға Қазақстаннан спорттың 22 түрінен 132 үміткер қатысқан. Оның қортындысы бойынша 2 алтын, 4 күміс, 7 қола медаль жатқан Бейжің елдің спортшылары жалпы командалық



есепте 29-ыншы орынға тұрақтады. Әсіресе, ауыр атлетшілер (1 алтын, 2 күміс, 1 қола медаль), боксшылар (1 алтын, 1 қола медаль) және балуандар (1 күміс, 4 қола медаль) ерледі. Олимпиада күнделігі газет бетінде үзбей жарияланып, оқырмандардың сұранысын қанағаттандырып тұрды.

**ҚАТЕ ЖАРНАМАЛАР**

Газеттің 16 тамыз күнгі санында қаладағы жарнамаларға шолу жасалған. Мақала авторы қала астана балғалы он жыл өтсе де, олардың қазақша нұсқасы



әлі де қатге толы екенін айттып қыңжылады. «Тілдерді дамыту басқармасы қазақша қате жазылған жарнамаларды түзетумен әлек, бірақ оған жарнама берушілер «былқ» етпейді. Өйткені, қате жазу үшін ешкімге айыппұл салынбайды, құзырлы органдар тек «ауызша қорқытудан» әрі аспайды» дейді. Мақалада қазақша қате жазылған жарнамалар



үшін төленетін айыппұл мөлшерін ұлғайтуды және тіл тазалығы үшін күрестің пәрменділігін арттыру мәселесі көтерілген.

**100 МЕКТЕП ПЕН 100 АУРУХАНА**

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Үкіметке 3 жылдың ішінде әлеуметтік нысандарға мұқтаж елді мекендерде 100 мектеп пен 100 аурухана салуды тапсырғаны естеріңізде. Газеттің 16 қыркүйек күнгі санында осы мәселенің барысы туралы баяндалады. «Бұл – елімізде бұрын-соңды болмаған ірі жоба. Осыныша нысандар жақын жылдары салынып бітсе, әлеуметтік салада қордаланып жатқан талай мәселелер шешілер еді» дейді мақала авторы.

**«ОРТАМЫЗДЫ ТОЛТЫРҒАН ОРАЛМАҢДАР»**

Еліміз егемендік алғаннан бастап осы күнге дейін сырттан туған Отанына оралғандар мен осында өсіп-өнген қандастардың саны 1 мил-

лионнан асыпты. Кеңестік замандарда өз атамекенінде отырып азышылыққа айналған қазақ үшін шетелдерден қандастарымыздың оралуы – зор рухани күш болды, ұлттық сенімді беркітті. Сырттан келген қандастар көмескіленіп бара жатқан салт-дәстүрімізді жаңғыртты, күшімізге – күш, қуатымызға – қуат қосты. Әдебиетіміз бен мәдениетіміз байды. Бүгінде олар тәуелсіз мемлекетіміздің әртүрлі салаларында жемісті еңбек етіп, егемендігіміздің іргесін бекітуге зор үлес қосып жатыр.

Қандастардың ата-баба мекеніне біржолата сіңісті болып кетуі, өмірлерінің жайлы болуы үшін мемлекет те, жергілікті жұрт та хал-қадірлерінше көмектесіп жатыр. Әрине, қанша жерден «Отаным», «ата-жұртым» деп сағынысып келгенімен, олардың үлкен келіткі тұрмысында кездескен қиыншылықтары аз болмады. Орыстанған қоғамның кертартпалығы қандастарға бәріннен қиын тиді. Осы және басқа да мәселелерді газеттің 27 қыркүйек күнгі санында Қайрат Бекенұлы көтерген екен.

Дайындаған Дәулет АСАУОВ

**МЕНИҢ МЕКТЕБИМ!**

» Бүгінде қазақ журналистикасында «мектеп көрген» дерлік замандастарымыз сирек. Кейінгі жастардың денінде «тәжірибе» деген іргетас қаланбаған. Ал елордалық «Астана ақшамы» газеті – мен үшін өткен үлкен мектеп!

2001 жылы ұлттың туын да, сөзін де ұстаған қырағы қырандар мекені – Торғай даласынан келіп, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика бөліміне оқуға түстім. Сол жылы жергілікті «Астана ақшамы» газетінде өзімен бір курс жоғары оқитын Арман Асқаров пен Саягүл Жарықасынның шағын ақпараттары мен мөлтек

ойлары жиі жарияланып тұратын. Кафедра оқытушылары екінші курстың сол екі «беткеуі» әжептәуір мақтан тұтып жүрді. Солан мен де өзімнің «журналист болып туғанымды» дәлелдеу үшін бірінші курста елордадағы екі-ақ қазақша басылым – қалалық «Астана ақшамы» мен облыстық «Арқа аярына» еркін тақырыптағы мақалалар мен ақпарат-

тарды нөмір сайын жаза бердім. Тіпті, Арман мен Саягүлден асып түсу мақсатында оған сауалнама, блиц-сұхбат дегендей жанрларды қосып қойдым. «Ақшамдық» Еренғайып Қуатайұлы, Төлен Тілеубай, Қымбат Токтамұрат, кейде бас редактор Мағжан Садыханұлының өзі де еркін тақырыпта жазуға біраз тапсырма беріп тұрды. Сұрағандарын айтқан

уақытында әкеп тастай бердім. Сөйтіп бір жыл сынаған соң, яғни 2-інші курста оқып жүргенімде Мағжан Садыханұлы мені газетке жарты айлық жұмысқа қабылдады... Сонымен не керек, бұл газетте Мағжан Садыханұлының редактор кезінде кетіп қалып, оның орнына Нұрғөре Жүсіп келгенде, одан кетіп, Амантай Шәріп басқарғанда, содан кейінгі

ті тізгінді Ерболат Камен ұстағанда, қысқасы, төрт редактордың тұсында төрт мәрте келіп, тілші, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқардым. Әр жылдардағы тігіндісінде өзіндік қолтаңбам бар.

Жалпы, «Астана ақшамы» газеті – менің журналистика биігіне көз тігерде аңдап басқан алғашқы сағатым. Университетте Ақселеу Сейдімбектің шәкірті болсам, қызметте осы басылымның арқасында Нұрғөре Жүсіп, Бауыржан Омаров, Мақсат Зіміұлы деген «сен тұр, мен атайын» сөзмергендердің қолтаңбасын білдім. Қазіргі қазақ журналистикасында аты-соңы бар көптеген әріптестермен таныстым. «Ақшамда» қаланған іргетас мықты болғандықтан, «ақшам бар» деген кез келген қаламгермен иық

теңестіріп, үзеңгі қағыстыра жүріп сөйлесе аламын. «Астана ақшамы» газетінен соң республикалық «Ел», «Нұр Астана», «Қазақстан», «Ана тілі», «Ұлт times», «Қазақия», «Сақшы», «Полиция.kz» басылымдарында, Қазақ радиосында, «Таң» телеарнасында, Skifnews.kz порталында тілшіліктен бас редакторлыққа дейінгі барлық сатыдан өтіп, жур-

налистиканың барлық саласын еркін меңгеріп алдым десем де, «қызың бетін кім ашса, сол ыстық» қой. Демек, елордалық басылымның мерейтойы қарсаңында кеуде керіп тұрып айта алатын бір ауыз сөз: бұл – менің мектебім!

Еркеғали БЕЙСЕНОВ, Skifnews.kz ақпарат порталының бас редакторы







# АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ –

(Жалғасы. Басы газетіміздің №85, 86, 90-91 сандарында)

## ОН ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Қазақ халқының «есті адам» дейтін сөз тіркесі бар еді. Сол сөз тіркесінің мән-мағынасына біз Абайдың он тоғызыншы сөзін оқығаннан кейін зейін қоя бастадық.

Абай адам пенделері тіршілікте болып жатқан жақсы нәрселерді ескеріп жүрсе, жаман нәрселерден сақтанып жүрсе, оқыса, тоқыса, білгені көп болады, білімді адам болады дейді.

«Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» дейді Абай.

Естігендерінен, көргендерінен өзіне пайдалы ештеңе ала алмайтын болса, шыға беріп қайта қалпына келетін болса, Абай ондай кісілерден қатты торығады.

«Осындай сөз танымайтұғын елге сөз айтқанша, өзінді танитуғын шашқаны баққан жақсы деп бір хақим айтқан екен, сол секілді сөз болады» депті Абай.

Біздің ойымызша, Абайдың бір хақим деп отырғаны өзі болса керек.

Әйтпесе әлгі шошқа бағу туралы мысал сөзді біз басқалар еңбегінен кездестіре қоймаппыз.

## ЖИЫРМАСЫНШЫ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Жиырмасыншы сөз адам бойында кездесер аса бір қауіпті, аса бір жағымсыз қасиетті талдауға арналған. Ол қасиет аты – жалығу.

…Тамақтан да, ойыннан да, күлкіден де, мақтаннан да, кербездіктен де, тойдан да, топтан да, қатыннан да көңіл аз ба, көп пе жалығады… Бұл сөзді Абай айттып отыр. Бірақ жалығудың өзі ақыл мен ойдың жемісі екенін ескертіп қояды.

Бұл сөзін Абай: «Бұлай болғанда ақымдық, қайғысыздық та бір ғанибет (арабша олжа, табыс) екен деп ойлаймын» деп қорытындылап, оқушыларына бастаған ойын аяқтап тастауға қалдырады.

Абай санап өткен адам басында кездесіп жататын, жоғарыда саналып шыққан оқиғалар ақылы жеткен адамды аз ба, көп пе жалықтырады екен.

Абайдың бұл арада жазбай кеткен біраз ойы бар секілді.

Ақылды адам өмірді біраз қызықтағаннан кейін ойланбай ма?

Мен неге сонша ойнап кеттім, неге орынсыз күлкіге, мақтанға құмарланып алдым? Маған кербезденген күндерім не берді?..

Өз қылығына, өз ісіне күндердің күнінде өзі разы болмаған ақылды адам міндетті түрде дұрыс жолға түсер болар. Ал егерде ол өзгермесе, онда ол Абай айтқан ақымдық пен қайғысыздықтың рахатын көріп жүргендердің бірі болмақ.

## ЖИЫРМА БІРІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Абай өзінің жиырма бірінші сөзін адам пенделерінің бойында кездесетін «мақтан» сезіміне арнапты.

Мақтан сезімін екі түрге бөліп, бірін үлкендік мақтаншы десе, екіншісін мақтаншақтық деп атайды.

Сонда Абайша үлкендік деген не?

Үлкендік – адам ішінен өзін өзі бағалы есеп қылмақ.

Біздер Абай ойлағандай үлкендік дәрежеге жету үшін ауық-ауық өзімізге өзіміз есеп беріп отыруымыз керек екен. Істеген істерімізге, сөйлеген сөздерімізге баға беріп отыруымыз керек екен. Абай бұл ойды тағы бір сөзінде келтірген болатын. Бұндай адамдардың мақсаты өзіне жаман атақ тағылмауын қамтамасыз ету.

…Яғни, надан атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арасыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді – осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек…

Өзін ондайлардан үлкен есептемек. Бұл мінез – ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі екенін баса көрсетеді.

Абай мақтаншақтар туралы ерекше түсінік береді. Оларды үш түрге бөліп: алғашқы саты ағайын ішінде атақты болғысы келетіндердің өзін-өзі мақтап жетпек болатынын, екінші сатысы ел ішінде мақталсам дейтіндер ағайын арасында мақтау іздейтінін, айттып жүрсін деп әдейі ұйымдастырарын, ал жатқа мақталғысы келетіндердің ел өзине түсуге тырысарын әңгіме етеді.

Өзін-өзі мақтап, болмағанды бойына таңып отыратындарды Абай наданның نادаны, ләкин өзі адам емес деп бағасын береді.

Данышпан ағамыздың осы ойы тым қатал емес пе екен?

Өйткені өзін-өзі мақтап отырғандар мен өзін біреуге мақтапты отыратындар тек қана биліктілер мен барлардың сүйікті ісі емес, адам баласының көпшілігі құмар қасиет секілді көрінеді бізге.

## ЖИЫРМА ЕКІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Біздің ойымызша, осы сөз Абайдың жалпы адам пенделерінің іс-әрекеттерін, пейіл-ниеттерін, санасы мен сапасын мұқият ой елегінен өткізіп барып түйіндеген ойы секілді. Адам адамдар қоғамында жүргесін қалай болғанда да бір кісімен, не ойлары бір бағыттағы қоғаммен ниеттес болуы, соларды қорғауы, соларға тілектес болуы заңды нәрсе. Адам солай жаратылған. Абай өз заманынан, қоғамынан дұрыс адамды іздеген. Солардың қайсылары қадірлеуге лайықты, жақсы көруге тұрады деген мәселені шешпекке тырысады. Содан соң байлар мен мырзаларға, болыстар мен билерге, кедейлер мен ғарыштарға мінездеме жазып, олардың іс-әрекеттерін сипаттап шығады. Абай бұларға тілектес бола алмайды.

Көпшілігіміз неге жарлылар мен ғарыштарға тілекші болмасқа деріміз сөзсіз. Абай: «Ғарыш-ғасар бейшараны құрметтейін десең, жатқан түйеге міне алмаса да, ол момындыққа есеп емес. Егер мінерлік жайы болса, бірдемені епттеп ілерлік те жай бар» деп оларға сенімсіздік білдіріпті.

«Ырыс баққан дау бақпас» деген мақалменен боламын деп… момын байларды аяماسаң һәм соның тілеуін тілемесең болмайды. Сонан басқаны таба алмадым» деп қорытындылайды. Біз момын бай деген сөзді өзінің адал еңбегімен дәулет құрап, бай атағын алғандарды айттып отыр дейміз.

Абай бұл сөзінде жарлыдан көрі момын бай «дұрыс адам» моделіне (өзінің көкейіндегі) келіңкірейді дейтін секілді.

Абай түсінігінде кедейлік – кедейдің өз жалқаулығынан, өз талапсыздығынан, өз надандығынан.

Момын байдың дәулеті адал еңбектен құралған. Абай осы сөзін адал еңбекті марапаттау үшін жазған секілді.

Біреу Абайды байшыл дейді, біреу кедейшіл дейді.

Абай байшыл да емес, кедейшіл де емес.

Ол адамдардың (қазақтардың) адал еңбекке құмар болуын, кісілік қасиетті бойына жинауын, талапқа құмар болуын тілейді.

Абайға момын бай талапсыз жарлыдан әлдеқайда жақын.

## ЖИЫРМА ҮШІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Бұл сөзбен Абай адамның қуаныш пен жұбаныш сезімдерін әңгіме ету арқылы «тоқмейілу» деген тоқырауға түсіп қалмауды, оның жарамсыз қылық екенін, тоқмейілігінен адам ілгері ұмтылуы тоқтатынын түсіндіргісі келген секілді. Қуаныш пен жұбаныш Абайдың өз басына да тән құбылыс екен.

Мысалға Тұрағұл естелігінде Абай: «Құдая, бергеніңе тәуба, мен мұсылман екенмін. Егер осы Есіркеп Тәкежанның қасында отырып, түйе сұратып жіберсе, бермей жібере алмас еді. Бұл түйе бермегеніме Абай ашулануы ештеңе етпейді деп, менің жұмсақ мінезіме сеніп бермей отыр деп қуанып қалды»… (Жүрегіміңнің түбіне терең бойла. Алматы «Жазушы», 1995. 24 бет).

Есіркеп өзіне түйе бермей жіберсе, оған Абай қуанады, жұбанады.

Бәленшеден ілгері болдық, түгеншеден оздық делінетін қуаныштардың пайдалы нәрсе емес екенін ескерте келіп Абай: «…Оған Құдай тағала айттып па, көптен қалмасаң болды деп…» дейді.

Абай бірелерден емес бәрінен озық болуға шақырады.

«…Жақсыға салысып жақсы болады-дағы. Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса, алдыңда неше ат бар деп сұрап, артыңда неше ат бар еді деп сұрағаның несі сөз? Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш?».

Абайдың өз сөзін оқитын ұрпақтарына айтпағы – осы.

…Қатардан қалмау көппен көрген ұлы той… деп жұбануды Абай ел үшін кемшілік қасиетке санайды.

Кейбір желсөзділер жақсы ойлы айтқан сөздерге қазақтың жеңіл астарлы сөздерін пайдаланып, арзан күлкі иелерін күлкіге батырса болды, шешенсініп, білгірсініп бір сөтке жұрт назарын өзіне аударғанына бола қуаныш пен жұбаныш тауып жатады.

«Аузың сасық екен, тазаласашы» деген қалыңдығына бір жаман күйеу «тұқымдызбен аузымыз сасық болушы еді» деп, тек қана өзінің емес, тұқымның да келісіп тұрмағанын паш етеді. Масқара етеді. Соны бір ақымақ елге еңгіме етіп айтады, соған мың ақымақ күледі.

Абай: «…Тұқымдызбен аузымыз сасық болушы еді деген жаман күйеу қалыңдығын жеңіп пе? Көңілін сол сөзі разы қылуға жетіп пе? Ендеше көбіңнен қалма, сен де аузыңды сасыта бер деп пе?» деп

ызыланады.

Төмендегі сөздерді Абай жаны қинала, әлгі жаман күйеудің надандығын сезе, аузының сасығын жұта отырып жазған болар деп ойлаймыз…

…Ғылым көпке келіп пе? Біреуден тарап па? Хикмет (даналық, ақылдылық, ойшыл) көптен тарай ма? Бірден тарай ма? Жер білмеген көп адам адасып жүрсе, бір жер білетін кісінің керегі жоқ па екен?.. Жұт келсе, елдің бәрінің түгел жұтағаны жақсы ма?..

## ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Абай заманында жер бетіндегі әрбір мың адамның бірі қазақ екен. Біздің заманымызда жер бетіндегі әрбір үш жүз адамның бірі қазақ.

Абай сол заманда кейбір елдерде үш миллион халық тұратын қалалар бар, дүниені үш айналып көріп, танысып шыққан адамдар бар. Қазақ сол дәрежеге жете алар ма екен деп уайым етеді. Қазақтар қашан өнер мен малды түзден түзу жолмен іздейтін күнді арман етеді.

Әй, не болсын!.. Жүз қараға екі жүз кісі сұғын қадап жүр ғой, бірін-бірі құртпай, құрымай тыныш табам ма?

Абай бұл сөзінде өз замандастарының бірін-бірі күндеуі, андысуы, жауласуы, ұрласуы жер жүзіндегі жұрттың қоры болғандықтан, істеп отырсындар деп ширіқтырады. Абай әлгіндей адамдардың басқа елдерде де барын, олардың да елдеріне жақпас әрекеттері бар екенін білмеді деймісің? Бұрын да бір рет айтқанбыз, тағы бір қайталайық, «дос жылатып айтадының» дәл өзі.

Жеңіл ойлайтын кейбір қазақтар, әсіресе, шетелдерде оқып, шетел азаматтарымен көбірек араласатындар Абай әлемге қазақты жаман етіп танытты деп ренжиді.

Олар Абай ойларын толық өз болмысына сіңіруге тырыспай, Абайдың қазақ халқының ары мен зарындық жоқтаушысы екенін мойындай алмай қара сөздердің әріпттеріне мән беріп, кәдімгідей тулап жатады.

Осы сөздерді жазарда Абай, алдымен қатты ойлануға алған секілді. Жалпы адам баласының жер басып тіршілік етіп жүруі үшін, тіршілікті саналы, сапалы өткізуі үшін адам пенделеріне не керек екенін түгендеп шықпақ болған болар.

Содан кейін екінші сөзінде Абай қазақтарды басқалармен салыстырып алады. Кемшілігін көзіне шұқпып тұрып көрсетеді. Арына тиеді. Үшінші сөзінде арызшылысың деп бетін қызартса, төртінші сөзінде күлегешің деп келемеж етеді. Бесінші сөз қазақтың кейбір мақалдарын сынауға арналса, алтыншы сөз – қазақ жалқауларының еншісі.

Қалған сөздерінде де қазақ халқының мінезі осылай, құлқы осылай деп қатты сынға ала отырып, тұтас саналы адамзат бойындағы бар кемшіліктерді теріп шығады.

Барлық сөздерінің арқауындай ортақ түйін бар, тұтас желі бар, ол – қазақтардың (адамдардың) жаны мен тәнінің сұранысы, рухының таза болуы. Абай қазақтардың (адамдардың) арына тие сөйлеп, амалсыз ойландырмақ болған секілді.

Абай сегізінші сөзін ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды

деп бастаса, келесі сөзін: «Осы мен өзім – қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді…» деп оқушысын өзіне қаратып алады. Содан кейін Абай өз қаңдастарының қылығынан түңілген, өмірден баз кешкен адам ойын айтады. Тіпті «артқа алаң болмай өлуге» деуге дейін барады.

Абай өлеңдерін де, қара сөздерін де арттағы ұрпақтарына үлгі үшін жазған. Ол өз басының пенделік сұранысын емес, ұлы жаратылыс жаратқан ұлы пенделерде ғана болатын адамдық борышын өтеген.

Әйтпесе, Абай өле-өлгенінше тіршілік шаруасынан бас кешкен жоқ. Оқу керектігін, басқа елдерден үйрену керектігін тек қана айттып қойған жоқ, іске де асырды. Шәкәрімнің сол мақсатқа өмірін арнауын міндет етті.

Оныншы сөз адамдарға бала мен мал не үшін қажет деген ойға жетелейді. Он бірінші сөзде ұры мен бұзақының сөз етеді. Он екінші, он үшінші сөздер ғибадат пен иман туралы. Он төртінші сөз кімді жүректі, батыр деп тануға болатындығы туралы нұсқау секілді.

Келесі сөздерде ақылды кісі мен ақылсыз кісі туралы ойлану, Құдайға құлшылық етудегі салғырттық туралы да ескерту жасайды.

Он жетінші сөз мысал арқылы өмірді қалай сүруге болатындығы туралы ереже.

Он сегізінші сөзде кербездік туралы әңгіме етілсе, он тоғызыншыда – адам есі, жиырмасыншыда – ойсыздық, жиырма біріншіде – мақтан, жиырма екіншіде – кісі қадірі, жиырма үшіншіде – қуаныш пен жұбаныш сезімдері туралы әңгіме етіледі.

Барлығын бірдей тізіп көрсетпей-ақ қоялық, өрмектің жүзін аударды қалғанын қажет етсе оқушы өзі қарап шығар. Қайталап айталық, Абай осы қара сөздері арқылы «қазақ» дей отырып, бүкіл адамзат қажетін өтерліктей, олардың жаны мен тәнін риза етерліктей, рухын асқақтатарлықтай дәрежеге жеткізген. Тек қана әрпіне қарап ызасыз оқу қажеттігін, терең ойды, мұхит түбінде жатқан маржандарды көре білу қажет секілді. Әрине, барлық оқушы олай бола алмас. Болмаса қайтеміз. Абайдың өзі айтқандай, өз сөзі өзінікі.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Досыңа достық – қарыз іс, Дұшпаныңа әділ бол.

## ЖИЫРМА БЕСІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Бұл еңбегінде Абай тағы да бір рет адамдарға мал табу қажеттігін (еңбек ету қажеттігін), малдың аздығы (ақша мен ішіп-жемнің, мал мен дүниенің) адам баласының бойындағы барлық жаман қасиеттердің оянуына септігін тигізетіндігін баса көрсетеді.

Мал тап. Мालыңды балаңның өнер, ғылым үйренуіне жұмса дейді.

…Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көре ме, я жұртқа

# ӨМІР СҮРУ ҚАҒИДАСЫ

рахат көрсете ме?

Кісіліктің, адам атанудың стандарты, бағдарламасы. Бұдан тұжырымды етіп ешкім де айта алмас.

Бұл сөзінде де Абай қазақтың арына тиіп, «бір ит қазақ» деген сөзді қыстырып та қояды.

Әлемдік азамат болу үшін, толық адам дәрежесіне жету үшін шетел тілін білу қажеттігін, озық елдердің өнері мен үлгісін үйрену қажеттігін түсіндіре білген.

Білімді кісі білімнің тек қана өз басына емес, ел бақытын ашатындай білім болуын армандайды. «Баламды медресеге біл деп бердім» деп бала білімінің ел пайдасына, халық қамына жарар ма екен деген үміт те болады.

Білім алғанда, өнер үйренгенде: «...Біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек» деп ақыл айтады.

Бұл сөздегі Абай тұжырымдары сол кезде елге өте қажет ақыл болатын.

Әйтпесе, байларға өкімет балаңды оқыт деп салық салғанда, баласын «аяп» орнына кедей баласын орыс оқуына жіберіп қорлағандай болған надандық заманда Абайдың бұл сөздері нағыз елді ел етер ақыл болатын.

Кім білген, біраз сол заманда оқу, білім алғандар бастауы осы сөзден нәр алып жатпағанына?

Алаш азаматтарының сол заманда Абайды қазақтың бас ақыны деп мойындауына әсер етіп жатпаса кім кепіл?

## ЖИЫРМА АЛТЫНШЫ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Жиырма алтыншы сөз оқушыларына озып келген жылқының шабысы үшін тымғағын аспанға лақтырып мақтану, жығылып қалған жігіттің айласы аздығы үшін жерге кірердей намыстанып, кіріп кетер жер тесігін іздейтіндей намыстану надандық пен ақымақтықтың әсері деген түсінік туғызады.

Ау, ағайын! Озып жатқан да, жығып жатқан да бір қазақтың аты мен жігіті емес пе!

Абай осындай түсінікті сағынады.

Өз жұртыңнан жау іздеме, өз ауылыңнан дау іздеме деген қағиданы алға тұтады. Сол қағида пайдасын жұрт арасынан таба алмаған кезде Абай: «Мұның бәрі – қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ, биттей нәрсені бір үлкен іс қылған кісідей қуанған болып, ана өзгелерді ызаландырсам екен демек. Біреуді ызаландырмақ – шариғатта харам, шаруаға залал, ақылға теріс. Әншейін біреуді ыза қылмақтың несін дәулет біліп қуанады екен?» деп таңғалады.

Абай солай дейді.

Осыларын айтсаң ел де «рас, рас» дейтін көрінеді.

Бірақ ақылы арқылы сана сүзгісінен өткізер біреуі жоқ және сол істерінің терістігін біле тұра, өкініп те жатпайды.

Абай заманындағы бұл келеңсіздік, тіпті одан да әріректе көпшілік қылығынан орын алған бұл дертті біздің заманымыз жоқ етті деп, біз де мақтана алмайтын секілдіміз.

Біреуді ызаландырмақтың шариғатта харам, шаруаға залал, ақылға теріс екенін бұ заманда білмейтін адам жоқ. Бірақ соны түзетпекке еңбек ету, ел болып қам

жасау шаралары жетіспей жатады.

Бұл шаруа мемлекеттік тұрғыда үгіттеліп, шара қолдану арқылы, ұлттық, мемлекеттік рухани ұран етіліп, ұзақ жылдар бойы «баланы бесіктен» дегендей, тәрбие нәтижесімен жетуге болар. Әйтпесе, қай рудың баласы іс басында, сол ауылдың итінің құйрығы жоғары болатындай түсінікпен қазақтар әлі де талай Абайын жылатар, Абай данасын көрінде аунатар.

Демек, бұл істердегі ұлт бойындағы кемшілік қасиеттерді біз жалпы көпшілік санасының төмендігіне аудара салу үрдісіне, сол арқылы өзін ақылды етіп көрсететіндер білгірлігіне қосыла алмайтын секілдіміз. Мәселе жеке адамдарда емес, оларға серкелік қызмет етіп жүрген басшыларда деп ойлаймыз. Нөндерді санға айналдырар, елді бастап жүрген «единица» атты тұлғалар қатесі деп түсінеміз. Солай болар, асылы.

Жүйрік атты сатып алып, тартып алып, ұрлап алып өз ауылының атағынан қоспаса, төбет таласына түрікпеннің алабайын алып келіп, ананың бөрібасарын қанжоса жасамаса, қайта ел ішінен жүйріктерді таңдап, баптап, берісі алты алашқа, арысы әлем жарыстарында жүлқындырса... мүмкін, ел санасы да Абай атаның көз жасын көл етуге итермелемес еді.

## ЖИЫРМА ЖЕТІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Осы саяхат сапарымызда біз Абай бұл сөзді жазарда не ойлады, осы сөз арқылы елге не айтқысы келді деген сұрақтарға жауап іздеуді оқушылардың өздеріне тапсырғалы отырмыз.

Біз бұл сапарымызды Абайдың өзі туралы аз ғана ой толғауға арнасақ деп отырмыз.

«Абай кім еді?» деп сұрайды біреулер.

«Абай данышпан еді!» деп жауап қайтарады екінші біреулер.

Үшінші біреулер: «Абай ауыл адамы еді. Білігі әлемдік деңгейдегі даналыққа, ой өресі данышпандыққа қалай жетті?» деп сенімсіздік білдіреді.

Біз осы сұрақтарға жауап тауып берерлік Абайдың осы сөзіндегі сөйлемдерінен үзінді келтірелік.

Бір күні Сократ хакім бір Аристодим деген ғалым шәкіртіне:

– Әй, Аристодим, өнерлері себепті адам таңырқауға лайықты адам бар ма? – деді.

– Гомерге бәйгітшілігі себепті, Сокофилге трагедиясы себепті, яғни біреудің сыйпаатына түспектік, Зевсиске суретшілігі себепті...

Біз осы екі ауыз сөз арқылы Абайдың жер шарын он айналып келерлік білімі болғанына көз жеткізіп отырмыз. Әлгідей сұрақ қойып сенімсіздік білдірушілер Гомер мен Сократ туралы, Аристотель мен Ескендір туралы оқыды ма екен, оқымаса, естіді ме екен?

Осыған қоса, біз өз басымыздан өткен бір әңгімені әңгімелеп берсек, о да біздің әлгі сөзімізге септігін тигізуі мүмкін.

Біз бір жолы (біздің «Абай-Шәкәрім» кесенесін тұрғызып жүрген кезіміз болатын) Семей қаласының бір тұрғынымен сөзге келісіп қалдық.

«Қарауылдан қырық қадам ұзап шықпаған Абай, қалайша әлемдік дәрежедегі данышпан бола қала-

ды?» дейді әлгі семейлік.

«Ньютон деген оқымысты жердің тартылу күші туралы заңын шығару үшін, айға барып тәжірибе жасап қайтып па? Данышпанның данышпандығы – сол, көргенінен қорытынды шығарады» дейміз біз.

Абай ауылда өскенмен бүкіл әлемдік қозғалыстар мен жаратылыстар туралы, әлемдік оқиғалар мен оқымыстылар туралы хабардар болған кісі.

Ескі заман ғұламалары туралы ой толғап жүрген Абай, өзінен сәл ілгеріде өткен орыс ғұламаларының бәрін оқыған, біразын аударған.

А.Пушкин, М.Лермонтов, И.Крылов секілді даналарды ерекше құрметтеген.

Шығыс даналарына еліктеп бала күнінен өлеңдер жазған.

Өмірінде орыс көрмей орыс тілін игерген, парсы, араб тілдерін жазба еңбектерінде қолданған, мемлекет басқару, заң пәндерін оқымай-ақ қазақ халқын басқару жөнінде негізгі заң сұлбасын жасауға дейін білімі жеткен...

Тапқырлық, шешендік сөздері қаншама!?

Біз осы саяхатымызды Абайдың бір ауыз сөзімен аяқтағалы отырмыз...

...Бү кітапханаға түйе кірсе несі бар, бұнда есек те отырыпты ғой...

## ЖИЫРМА СЕГІЗІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Абай сөздеріне ой жүгірткенде бізді қинаған сөздердің бірі осы жиырма сегізінші сөз болды.

Осы сөзді оқи отырып, біз сүрген өмірімізде талай рет: «Не жазығым бар еді?» деп еңіреген әйелдерді көп көріп едік.

Бір үйден бес адам соғысқа кетіп, әкелері мен балалары түгел қайтпай қалғанды да көргенбіз.

Бір түнде қара орманы өртке шалынып, өрт ішінде қалған балалары мен шешесін құтқара алмай зар жылаған азаматты да құлағымыз шалған.

Ұрлықпен байып, байлықпен мансапты болғандар қаншама...

Жазықсыз жала жабылып, біреудің қылмысы үшін жапа шегіп отырғандар қаншама...

Анасы мен әкесінің ақымақтығынан түл жетім боп өсіп жатырған бөбектер қаншама...

Осыларды көре жүре, соларға адам жаны ауырғанда өзінен-өзі «Ау, бұл қалай?» деген сұрақ аузыңнан еріксіз жалын болып, атып шығады екен.

Әлде барлық адамдарға көрсетілер жақсылық пен жамандықтың шамасына әлемдегі пенделер бойындағы адамшылық қасиеттердің, жеке адамдардың кісілік пиғылының, бәріміздің табиғатқа, адамдарға деген сүйіспеншілігіміздің шамасы әсер етеді ме екен? Бізде, адамдарда әлгілер тым азайып бара ма?

Содан барып жақсылық жобасы да шектеле ме?

Жауабы жоқ сұрақтардың бірі секілді.

Абай да бұл құбылыстарды адами, діни тілмен түсіндіргісі келмеген секілді. Көптеген табиғи, адами теңсіздіктерді тізіп келіп: «Жақсылық, жамандықты жаратқан – Құдай, бірақ қылдырған Құдай емес, ауруды жаратқан – Құдай, ауыртқан Құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – Құдай, бай қылған, кедей қылған Құдай емес



деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе жоқ» – депті.

Мүмкін, бұл сұрақты Абайдың: Ел бұзылса құрады шайтан өрнек, Періште төменшіктеп, қайғы жемек, – дейтін жолдарынан іздеу қажет пе?

Ел пиғылы бұзылып, көпшілік жаппай шайтан соңына ерген шақта, Абай сөзімен айтқанда, «шайтан өрнек құрған шақта» періштеден күш кетіп, әлгі сыйлықтар (жамандықтар) адамдарға қалай болса солай таратыла бере ме екен?

## ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Абай осы сөзінде біраз адамдарды, әйтеуір тіршілік ету, әйтеуір ауызға бірдеңе тауып салу жолында жүретіндерді, сол тіршілік, сол жұтқын үшін арсыздыққа дейін баратындарды, өз сөзімен айтқанда, «антұрғандар» атты арсыздарды қаты сыңға алады. Антұрғандар қылығын заңдандырып берерлік, арсыздар ісін ақтап берерлік мақалдар шығарып берген аталарына да қатты шүйлігеді.

«Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дейді. Періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылысын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны».

Абайдың осы сөзді жазғандағы жан айқайы, ашу-ызасы, мақал шығарған кісіге айтылмай қалған назасы менің көкірегімде сайрап тұрған секілді.

«Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» деген де мақал бар екен.

Ата-анадан тәтті көретін сол антұрғанның не оңған жаны бар еді. Ата-анасын малға сатпақ болған

арсыз-ай» деп жаны қиналады Абайдың.

Ата-ана не жиса да балама қалсын демей ме?

Осындай білместікпен айтылған сөздерге бек сақ болу керек.

Абайдың айтпағы да осы болатын. Атадан қалған сөздің бәрі бағалы деп қателеспеу қажеттігін ескертеді.

Абай туысынан сыншы. Барлық өмірге сын көзімен қараған, сергек жан. Сондықтан амалсыз сықақшы.

Абайдың аудармаларына зер салып қарасақ, ол И.Крылов еңбектерін қазақшалауға көп еңбек еткен.

Абай бір өлеңінде: Арсыз болмай атақ жоқ, Алдамшы болмай бақ қайда? – деп кейбір адамдардың атақты болу жолында ар сатуға дейін баратынын, бақ пен тақ жолында алдау мен арбау жасай алатынын ескерткен еді.

Бұрынғы замандарда қазақтың мақал-мәтелдері қазақ адамы үшін қазіргі заман заңының бір тармағы секілді қабылданатын.

Даулы мәселе бойынша айтысып жатқандар дәл уақытын тауып, дер кезінде орнына қойып айта алған өткір сөз, тура мақал, қанатты сөздер дауласушы жағына тосқауыл бола алатын. Абайдың мақалдар мен мәтелдерге ерекше назар бөлуі де сондықтан болар.

Мақалдар мен мәтел сөздерде ерекше қуат бар, өйткені халық даналығы сондай сөздер арқылы түйінделеді.

**Сайын НАЗАРБЕКҰЛЫ,**  
**Қазақстанның еңбек**  
**сіңірген қайраткері**

*(Жалғасы бар)*

» Балаларды зорлау туралы оқиғаларды естіген сайын ұйқың қашады, кішкентай қыздарымызды есік алдындағы ойын алаңында жалғыз қалдыруға қорқатын болдық, бұқаралық ақпарат құралдарында тараған сұмдық оқиғалар туралы оқып-білгенде Қазақстан педофилдер еліне айналып кеткен бе дейсің.

Жадыра ШАМУРАТОВА

Мәліметтерге қарағанда, өткен жылдың аяғында құқық қорғау органдарында 1500-ге жуық педофил және 2800-ден астам зорлаушы тіркелген. Қазіргі уақытта Қазақстанның түзеу мекемелерінде кәмелетке толмағандарға қарсы сексуалдық сипаттағы қылмыстары үшін 1600-ге жуық сотталушы жазасын өтеп жатыр.

**БАЛА ҚАУПСІЗДІГІНЕ КЕПІЛ ЖОҚ**

Кешегі Сәтбаев қаласында орын алған қасиетсіз оқиға халықтың ашу-ызасын туғызды. Кісісі өлген қаралы үйге анасымен бірге келген бес жасар бала ойнап жүріп жоғалып кеткен, Сәтбаев қаласының ішкі істер басқармасына арыз түскен бойда дереу іздестіріліп, сәби қыз сол өзі келген үйдің бірінші қабатындағы пәтердің бірінен зорланған күйде табылған. Қызды бірге іздеген қала тұрғындары толқып, полициядан күдіктіні өздеріне тапсыруды талап етіп, айуандық жасаған адамды өз беттерінше жазаламақ болған. Халық неге қатты реакция көрсетіп, күдіктіні құқық қорғау орындарына берместен өз беттерінше жазаламақ болды? Себебі бала зорлайтын азғындарға жаза кесетін заңды солқылдақ деп біледі, тіпті болымсыз жаза тағайындаудың артында бұл қылмыстың одан сайын көбейетінінен қауіп етеді, өйткені, жазасын аз мерзімде өтеп шығып, айуандық әрекетін қайта жалғастыратын азғындарды көріп жүр. Дүйім жұртты дүрліктірген оқиғаға байланысты Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шұғыл кеңес өткізіп, тиісті шара қабылдауды тапсырды. Біздің тілегіміз – ендігі жерде «тәртіпсіздік ұйымдас-тырды» деген желеумен әділеттілік үшін әрекет еткендер жазаланбаса екен.

**«ЖАБУЛЫ ҚАЗАН ЖАБУЫМЕН» ҚАЛМАСЫН**

Осы оқиғадан соң ілешала Балқаш қаласында полицияның кәмелетке толмаған қызды бопсалап, қорқытып, зорлағаны туралы хабар елді тағы дүрліктірді. ІІМ министрі Е.Тұрғымбаев полицияға қатысты істі ерекше бақылауына алғанын айтып



**«МЕН СІЗДЕН ҚОРҚАМЫН»**

**ҚАЗАҚСТАН ПЕДОФИЛДЕР ЕЛІНЕ АЙНАЛДЫ МА?**

мәлімдеме жасады. Бірден құрылған жедел-тергеу тобы Балқаш қаласына барып, күдіктіні ұстады. Қазір ол уақытша ұстау изоляторына қамауға алынып, айғақтар беруде. Қайсыбірін айтасың. Шымкентте төрт жасар сәбиді зорлап өлтірген адамның (ол деструктивті ағымның өкілі болған) қылмыстық ісіне сот шешім шығарып, 12 жылға бас бостандығынан айырығанын айтасың ба, болмаса таяуда ғана Байқоңырда 7 жасар қыз баланың зорланғанын айтасың ба... Белгілі болғаны – күдікті мен қыздың отбасы бір подъезде тұрған, сол күні әпкелі-сіңлілі қыздар ойнауға шығады, әпкесі сіңлісін күтпестен пәтерге кіріп кетеді. Сіңлісі қайтып келмеген соң іздейді. Сонда баланы есік алдына жалғыз жіберудің өзі тым қорқынышты болып қалғаны ғой... Мұндай азғын оқиғалар алыстағы ауылдық жерлерде, тіпті қазақтылықтың қаймағы саналатын ауылдарда да орын алған жағдайлар болған, «мал құлағы – саңырау» дейді мұндайда, бірақ көбіне ел не дейді деп баяғы жалған намысқа салып әңгімені жауып, басып тастайды. Жергілікті жердегі жауапты адамдар шама келсе өз қара бастарына сөз келмесе дейді, отырған орнынан айырылып қалмауды көздейді,

**БИЛІК ӨКІЛДЕР НЕ ДЕЙДІ?**

**Мәулен ӘШІМБАЕВ, Сенат төрағасы:**

– Бүлдіршінге зорлық-зомбылық көрсеткендер заң алдында қатаң жауап береді. Ол – ақиқат нәрсе. Ешкімнің бұған күмәні болмауы керек. Соған байланысты Парламент Қылмыстық кодекске іргелі өзгерістер енгізді. Бүгінде бүлдіршіндерге қатысты жасалған зорлық-зомбылық фактісі бойынша қылмыскер жиырма жылға немесе өмір бойына бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Сонымен қатар зорлық-зомбылық әрекеті орта санаттан ауыр дәрежелі қылмыс түріне өзгертілді. Мұндай жағдайда тараптар татуласа алмайды. Бұрынғы тәжірибеде тараптардың өзара татуласуының нәтижесінде талай адамның қылмыстан жалтарып кеткені белгілі. Енді ондай олқылыққа жол жоқ.

**Ерлан ҚАРИН, ҚР Президентінің көмекшісі:**

– Соңғы оқиғаларға байланысты желі пайдаланушылары балаларға жасалған зорлық-зомбылыққа жазаны күшейту керек деп жазып жүр. Президент «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды және ол 2020 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді. «Заңның жаңа нормаларына сәйкес, орташа ауырлықтағы зорлық-зомбылық қылмысы ауыр қылмыс санатына ауыстырылды. 14 жасқа толмаған балаларға зорлық-зомбылық үшін 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе өмір бойы қамау жазасы көзделді. Одан бөлек, педофилия фактілерін жеткізбеу, жасыру, бұрмалау үшін де жауапкершілік белгіленген. Бұл енді 6 жылға дейін бас бостандығынан айыруы мүмкін ауыр қылмыс болады.

**Ләззат СҮЛЕЙМЕН, сенатор:**

– Бір топ депутат болып бастама көтеріп, қазіргі таңда «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң жобасын қарап жатырмыз. Біздің мақсатымыз – осыған дейін қалыптасқан, бірақ өзін ақтамай отырған заң нормаларына іргелі өзгерістер енгізу. Бұл бағытта бізге мемлекеттік органдардың бірлесе әрекет етуге деген құлшынысы аса маңызды.

балалар құқығы, баланың психикалық жарақаты көп жағдайда құны бес тиындық әңгіме. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданы Абай ауылында жеті жасар бала зорланғаны туралы дерекке қатысты ОҚО ІІД өкілдері ҚР Қылмыстық кодексінің 121 бабының 4 бөлігі «Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері» бойынша қылмыстық іс қозғалғанын хабарлағанмен, кейін күдіктілердің ұсталып, қамалғаны жайлы мәлімет болмады. Бізде мұндай жағдайларда шама келсе істің мән-жайын таратпау, сол күйі «жабулы қазан жабуымен қалсын» деген пиғыл басым.

Немесе өткен жылы Таразда болған «оқушыны зорлау» оқиғасы. Қылмыс айдалада емес, мектеп ауласындағы әжетханада сабақ уақытында болған. Облыстық білім басқармасының қолынан келгені – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарын, сабақ кезінде оқушыны әжетханаға жіберген мұғалімді, вахтерды дереу жұмыстан шығарып жіберді. Онда да ата-аналардың қысымымен. Одан не пайда? Шенеуніктердің «кінәліні тауып жазалауынан» сол сорлаған оқушыға бір жеңілдік болды ма? Депутат Инна Унжакова «Балалардың қорғансыздығы көп жағдайда білім мекемелеріне педофилдерді жолатпауға міндетті қызметкерлердің кәсіби біліксіздігі және немқұрайлығына тіреледі» деп баға берді. Біздіңше, мәселе қауіпсіздікте ғана емес, мәселе көп болып педофилдікке қарсылық көрсетіп, жазаны күшейтуге үн қосуда. Жұырда ғана Балқаш қаласында полицияның кәмелетке толмаған қызды бопсалап, қорқытып, зорлағаны туралы хабар елді тағы дүрліктірді. ІІМ министрі Тұрғымбаев өзінің полицияға қатысты істі ерекше бақылауына алғанын айтып мәлімдеме жасады. Бірден құрылған жедел-тергеу тобы Балқаш қаласына барып, күдіктіні ұстады. Қазір ол уақытша ұстау изоляторына қамауға алынып, айғақтар беруде.

**АЗҒЫНДЫ АСЫРАУДЫҢ ШЫҒЫНЫ**

Елімізде биыл 1 қаңтардан бастап педофилдерді химиялық жолмен кастрация жасау туралы заң күшіне енгені белгілі. Мәліметке қарағанда Шығыс Қазақстан облысының колониясында химиялық кастрация үшін алғашқы инъекция Шығыс Қазақстан облысының колониясында 2019 жылғы 19 қыркүйекте Үржар ауданында 8 жасар қызды зорламақ болған педофилге жасалған. Азғын қатаң режимдегі колонияда 15 жылға сотталды. Жақында 11 жастағы өгей баланы

зорлады деп айыпталған екінші педофилге де химиялық кастрация жасай бастады. «Сотталушы препаратты әр 12 күн сайын алады. Бұл препарат қандағы тестостерон деңгейін төмендетеді. Әр үш айда дәрігерлер препаратты ағзаға әсерін анықтау үшін сотталған педофилді тексереді. Барлық талдаулардан кейін әр алты айда сот-психологиялық сараптаманың мамандары сотталушының химиялық кастрациясын ұзарту туралы мәселені шешеді» дейді арнайы мамандар. Ойлап қараңызшы, осының бәрі қаншама шығын? Педофилді ұзақ жыл бойы асырап, дәрі-дәрмегіне қаражат бөліп...

**«ХИМИЯНЫҢ» ӘСЕРІ УАҚЫТША МА?**

Дамыған елдерде бұл тәсілдің тиімділігіне күмән бар. Олай болса, ақыры химиялық кастрацияны қолданатын болсақ, Америка сияқты электронды бақылауды да күшейтейік. Күн сайын АҚШ-та 14 мыңдай педофил электронды бақылауда көрінеді. Америка ендігі жерде балаларды зорлағаны үшін түрмеде отырып шыққан азаматтардың төлқұжатына арнайы белгі қоя бастады. Төлқұжаттың арты жағында: «құжат иесі балаға қарсы жыныстық сипаттағы қылмысы үшін сотталған және АҚШ заңына сәйкес есепте тұр» деп жазылады. Ол адам шетелге шықса, оның қылмысы туралы сол елдің құзырлы органдары да хабардар болады. Американың мұндай тәсілге барғанының себебі бар. 1996 жылдан бастап Американың барлық штаты бірінен кейін бірі «Меган заңын» қабылдады. Аталған заң 7 жасар Меган Канканың атымен аталған. Оны 33 жастағы көршісі Джесси Тиммендекас зорлап, өлтірген. Тиммендекас бұдан бұрын да кәмелетке толмаған екі қызды зорлағаны үшін түрмеде отырып шыққан, тіпті арнайы ем процедурасынан да өткен. Осы оқиғадан кейін «химияның» жыныстық құмарлықтың жойылатынына кепілдік бермейтіні анықталды. Әсіресе, егер педофил ерекшелік қабілетін қалпына келтіру үшін ерлер гормоны бар дәрілік заттар ішсе «химия» мүлдем көмектеспейтін көрінеді.

**ПЕДОФИЛГЕ ӨЛІМ ЖАЗАСЫН СҰРАЙДЫ**

Бүгінгі таңда педофияны жазалауға қатысты қоғамдық пікір екіге жарылып тұр, көпшілігі педофилдерге өте ауыр жаза беруді сұрайды. Қытайдағыдай педофилдің баланы зорлағаны дәлелденсе, бірден өлім жазасына кесіп, Ирандағыдай жұрт алдында дарға асып немесе ату жазасын берсе, Солтүстік Кореядағыдай педофилді өз құрбаны өлтірсе... еліміздегі азғындық азая ма деп үміттенеді.

# ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №90-91 (4060) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Кезек нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты	Кезекке қойылған күні	Санат
16818	АБИЛОВА	МАҚПАЛ	РАХИМЖАНҚЫЗЫ	08.05.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16819	ШОТЕНОВА	АИГЕРИМ	САКЕНОВНА	08.05.2019	Толық емес отбасылар
16820	ШАКИРОВА	АСЕМ	САЯТОВНА	08.05.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16821	КЕКІЛБАЕВА	ГУЛНУР	РАХМАНҚЫЗЫ	08.05.2019	Толық емес отбасылар
16822	САЛЫБАЕВА	ГУЛМИРА	АНАРБЕКОВНА	08.05.2019	Толық емес отбасылар
16823	ТАНАБАЕВА	УЛБИКЕ	ТАЛИПОВНА	08.05.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16824	КАСИЕВА	ДАНА	МУРАДИЕВНА	08.05.2019	Толық емес отбасылар
16825	СКОСЫРСКАЯ	МАРИНА	НИКОЛАЕВНА	08.05.2019	Толық емес отбасылар
16826	РЕШЕТНЯК	НАТАЛЯ	НИКОЛАЕВНА	08.05.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16827	АБДУЛЛИНА	ЖАНАР	АСЫГАНОВНА	13.05.2019	Толық емес отбасылар
16828	МАМАТКУЛОВА	ЖАНАРА	ТУЛОГЕНОВНА	13.05.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16829	ТЕРЕХОВА	ЮЛИЯ	ГЕОРГИЕВНА	13.05.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16830	БЕКТАУЛОВА	ЗАУРЕ	НАБИЕВНА	13.05.2019	Толық емес отбасылар
16831	РАХИМЖАНОВА	АИГУЛЬ	КУЗЕКОВНА	13.05.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16832	КУРМАНАЛИНА	ЖАНАРА	ИЛЬЯСОВНА	13.05.2019	Толық емес отбасылар
16833	ЖУМАБЕКОВА	ТОЛКЫН	САГАНТАЕВНА	13.05.2019	Толық емес отбасылар
16834	НАГАМЕТ	АМАНГУЛ		14.05.2019	Толық емес отбасылар
16835	ТУЛЕГЕНОВА	САИРАН	САГЫНДЫКОВНА	14.05.2019	Толық емес отбасылар
16836	НАРЫМБЕТОВА	АРАИЛЫМ	МУХАММАДЛИЕВНА	14.05.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16837	МАХМЕТАЛИЕВА	ФАРИЗА	САБИРХАН ҚИЗИ	14.05.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16838	ЖУМАТАЕВ	ЕГИНБАЙ	МУХАМЕДЯРОВИЧ	14.05.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16839	БЕЙСЕМБЕКОВА	АИНУР	ЖИЛКАЙДАНОВА	14.05.2019	Толық емес отбасылар
16840	ДОСЫМАНОВА	АИГЕРИМ	МАНАРБЕКОВНА	14.05.2019	Толық емес отбасылар
16841	АБЕН	ГАУХАР	СҰЛТАНҚЫЗЫ	14.05.2019	Толық емес отбасылар
16842	САКЕНОВА	СУЛУШАШ	КАИРОЛЛОВНА	14.05.2019	Толық емес отбасылар
16843	МАДИНОВА	МАРАЛ	ШАРИПОВНА	14.05.2019	Толық емес отбасылар
16844	БАЙТЕМИРОВА	БАТЫРХАН	ТАНАТКАНОВИЧ	14.05.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16845	КАНАФИНА	АСЕМ	АДЫЛХАНОВНА	14.05.2019	Толық емес отбасылар
16846	АБЕНОВА	САЛИМА	АБЕНОВНА	14.05.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16847	ТУЗЕЛБАЕВ	МУГАМЕТ	САРМАНБАЙУЛЫ	14.05.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16848	ЕРТАЕВА	ГАУХАР	БЕКТЕМИРОВА	17.05.2019	Толық емес отбасылар
16849	РАХИМОВА	АНАР	САЙЫНОВНА	17.05.2019	Толық емес отбасылар
16850	САГИЕВА	МАДИНА	МУСАЕВНА	17.05.2019	Толық емес отбасылар
16851	АЗИЗБЕКОВА	КЛАРА	БАЙГАЗИЕВНА	17.05.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16852	ДАРИСОВА	АСЕЛЬ	АЛТАЕВНА	17.05.2019	Толық емес отбасылар
16853	НУРАЛИЕВА	МУНИРА	ТУРГУНБАЕВНА	17.05.2019	Толық емес отбасылар
16854	ОШАКБАЕВА	ГУЛЬСУМ	ХАДЖИ-МУРАТОВНА	17.05.2019	Толық емес отбасылар
16855	ВЛАСОВА	ЭЛЬМИРА	МРАХМАТОВНА	17.05.2019	Толық емес отбасылар
16856	ҮСЕНОВА	ЖАНАТ	ТАСЖАНҚЫЗЫ	17.05.2019	Толық емес отбасылар
16857	НАРОЗАУЛИ	ГИГЛА	ГЕОРГИЕВИЧ	17.05.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16858	ЕСЕНОВА	АИГУЛЬ	САПАРГАЛИЕВНА	17.05.2019	Толық емес отбасылар
16859	АБДУЛЛАЕВА	АИГЕРИМ	КОПЖАСАРОВНА	17.05.2019	Толық емес отбасылар
16860	БИЛЯЛИЕВА	АЙМАН	АСХАНОВНА	21.05.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16861	ТУРМАНБЕТОВА	НАБИРА	УСЕНБЕКОВНА	21.05.2019	Толық емес отбасылар
16862	АЙШУКЕНОВ	РИНАТ	СЕРИККАНОВИЧ	21.05.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16863	ШАЯХМЕТОВА	ЖАЗИРА	БОРАНБАЕВНА	21.05.2019	Толық емес отбасылар
16864	НУГУМАНОВА	МЕРУЕРТ	РАМАЗАНОВНА	21.05.2019	Толық емес отбасылар
16865	НАЗАРБЕК	БЕРДИГУЛ		21.05.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16866	АШИРБЕКОВ	РУФАТХАН	САКИБЗАДАЕВИЧ	22.05.2019	Толық емес отбасылар
16867	БАКЕНОВ	КАДЫРБЕК	ЖУАНЫШЕВИЧ	22.05.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16868	МАМЫРОВА	АЙНА	НАГУМАРОВНА	22.05.2019	Толық емес отбасылар
16869	САРСЕНБАЕВА	ЖАЗИРА	АМАНЖОЛОВНА	22.05.2019	Толық емес отбасылар
16870	АЙТКУЛОВА	АРАИЛЫМ	МЫРЗАХАНОВНА	22.05.2019	Толық емес отбасылар
16871	БЕГАНОВА	ЛОЛАГУЛ	АЗИЗОВНА	22.05.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16872	САЛИМЖАНОВА	АИШОЛПАН	КУАНЫШБЕКОВНА	22.05.2019	Толық емес отбасылар
16873	ТОҚБАУЛИНА	ДИНА	КЕҢЕСҚЫЗЫ	22.05.2019	Толық емес отбасылар
16874	ЛЮТЕНКО	АЛЕКСАНДР	ГЕОРГИЕВИЧ	22.05.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16875	БАҚЫТОВА	АСЕМ	БАҚЫТОВНА	22.05.2019	Толық емес отбасылар
16876	ГАБДУЛОВА	ДИНА	МАЛИКОВНА	22.05.2019	Толық емес отбасылар
16877	ЮСУПОВА	ГУЛШАД	САҚТАФАНОВНА	22.05.2019	Толық емес отбасылар
16878	ТУРҒАНБАЕВА	МАРАЛ	БЕКЕНҚЫЗЫ	24.05.2019	Толық емес отбасылар
16879	АДАИХАН	САУЛЕ		24.05.2019	Толық емес отбасылар
16880	БАХТИБАЕВ	БЕРИК	ДАУЛЕТБАЕВИЧ	24.05.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16881	СУНДЕТОВА	АЙСЛУ	БОЛАТОВНА	24.05.2019	Толық емес отбасылар
16882	КИБКАЛО	ВЕРА	НИКОЛАЕВНА	24.05.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16883	СМАГУЛОВА	СВЕТЛАНА	ТЕМИРГАЛИЕВНА	24.05.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16884	БАЙДАВЛЕТОВ	ГАЛЫМ	АЛИЕВИЧ	24.05.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16885	ЖУНУСОВА	КЕНЖЕГУЛЬ	ЕРДЕНОВНА	24.05.2019	Толық емес отбасылар
16886	ТЕНЕСОВА	ГУЛЬДЕН	БАТЫРБЕКОВНА	24.05.2019	Толық емес отбасылар
16887	КРАТОВИЧ	НАТАЛЯ	МЕЧИСЛАВОВНА	24.05.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16888	КОРЕПАНОВА	АКМАРАЛ	ЖУМАГАЛИЕВНА	24.05.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16889	НУРКЕЕВА	АСЕЛЬ	ТОЛЫБАЕВНА	24.05.2019	Толық емес отбасылар
16890	НИЕТБАЕВА	ОРЫНГУЛ	АБДИРАСУЛБЕКОВНА	24.05.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16891	ИСЛЯМОВА	ДАМИРА	МАХСӨТКАЛИЕВНА	24.05.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16892	БАБАЙ	ДИНА		24.05.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16893	ТУРҒАЕВА	ФАНИЯ	ФАИЗИЕВНА	27.05.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16894	ЕЛЕШОВА	МИРИМКУЛЬ	МУЛЫБАЕВНА	27.05.2019	Толық емес отбасылар
16895	АҚЫЛБАЕВА	САИРАН	АБРАЕВНА	27.05.2019	Толық емес отбасылар
16896	МУКУШЕВА	АНАР	НУРСАГИТОВНА	27.05.2019	Толық емес отбасылар
16897	ДАТКАЕВА	ЗАМИРА	МУРАТОВНА	27.05.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16898	КАРИБАЕВ	КАИРАТЖАН	МАЛИГАЖДАРОВИЧ	27.05.2019	Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар
16899	БОНДАРЕНКО	УЛЯНА	ВАЛЕРИЕВНА	28.05.2019	Толық емес отбасылар
16900	АКШАЛОВА	АСЕЛЬ	КАНАТОВНА	28.05.2019	Толық емес отбасылар
16901	САИПОВА	ШАХНОЗА	САИДАХМАТОВНА	28.05.2019	Толық емес отбасылар
16902	МЕДЕТОВА	ГУЛЬШАТ	КАЛЖАНОВНА	28.05.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16903	МОЛДАЖАНОВА	АИЖАН	СЕРИКОВНА	28.05.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16904	АЙТМАГАМБЕТОВА	КАРЛЫГАШ	ЕРСАИНОВНА	28.05.2019	Толық емес отбасылар
16905	ШУДАБАЕВА	ГУЛЬМАЙРА	КАКИМЖАНОВНА	28.05.2019	Толық емес отбасылар
16906	САДУЕВА	АЛТЫНА	АБДУЖАЛИЛОВНА	28.05.2019	Толық емес отбасылар
16907	ЖАКЕТАИ	КӨРКЕМ	ХУМАРБЕКҚЫЗЫ	28.05.2019	Толық емес отбасылар
16908	АШИРМАТОВ	ЖАНСЕИТ	МУРТАЗAEВИЧ	29.05.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16909	МУХАМЕДГАЛИЕВА	УЛЖАН	ЕСБОЛОВНА	29.05.2019	Толық емес отбасылар
16910	БАЙЗОЛЛИНА	АЛЬМИРА	КУАНЫШБЕКОВНА	29.05.2019	Толық емес отбасылар
16911	АЛИМБАЕВА	РАЗИЯ	ХАМИТОВНА	29.05.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16912	КАЖИЕВА	АСЕЛЬ	ТУРСУНОВНА	29.05.2019	Толық емес отбасылар
16913	ОМАРОВА	БАҚЫТ	КАЖЫГЕЛДЫЕВНА	29.05.2019	Толық емес отбасылар
16914	ДӘУІТ	СЕРЖАН		29.05.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16915	ЕСМАГУЛОВ	ЕРКН	СЕРИКОВИЧ	29.05.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16916	СЕЙДАЛИЕВ	КАРИМ	АЙШАТОВИЧ	29.05.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16917	ТОКУБАЕВА	ГУЛЬМИРА	МИХАИЛОВНА	29.05.2019	Толық емес отбасылар
16918	КУДАБАЕВА	АИНУР	АЛИМЖАНОВНА	29.05.2019	Толық емес отбасылар
16919	ИБРАГИМОВ	ТЕМИРКУЛ	ШОЛПАНКУЛОВИЧ	30.05.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16920	НУРСЕИТОВА	ГУЛЬЖАН	САБЫРОВНА	30.05.2019	Толық емес отбасылар
16921	ХИСАМОВА	ИРИНА	РАФИСОВНА	30.05.2019	Толық емес отбасылар
16922	КУАНЫШБЕКОВА	АИНУРА	ЖАҚСЫБАЕВНА	30.05.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16923	ТАНАУОВА	АСЕМГУЛЬ	САГЫНДЫКОВНА	30.05.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16924	САТБАЕВА	ЗАРИНА	ЕРКИНОВНА	30.05.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16925	ҚЫДЫРБЕКОВА	РАУШАН	ЕРБОЛАТОВНА	30.05.2019	Толық емес отбасылар
16926	КОЖАХМЕТОВА	ДИНА	АГИБАЕВНА	30.05.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16927	ҚУЗАР	КУЛТАИ		30.05.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16928	ДОСУМБАЕВА	АЛМАШ	АБДЖАПАРОВА	31.05.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16929	ОЛЬШАНСКАЯ	ЕКАТЕРИНА	АЛЕКСАНДРОВНА	31.05.2019	Толық емес отбасылар
16930	МОЛДАШОВА	АИНУР	ВОЛТІРИКОВНА	31.05.2019	Толық емес отбасылар
16931	ЕСЕНБАЕВА	КАМИЛА	МАДЕШЕВНА	31.05.2019	Толық емес отбасылар
16932	АЙДАРХАН	АНАР	БАХТИЯРҚЫЗЫ	31.05.2019	Толық емес отбасылар
16933	ОМАРОВА	АКМАРАЛ	БЕРИКБАЕВНА	31.05.2019	Толық емес отбасылар
16934	КИНЖИГАЛИЕВА	ЖАНАР	АМАНГЕЛДИЕВНА	31.05.2019	Толық емес отбасылар
16935	ЖАРМАХАН	АСЫЛЗАТ	ӨМІРЗАҚҚЫЗЫ	31.05.2019	Толық емес отбасылар
16936	ТАУИШОВА	РАУШАН	АДИЛХАНОВНА	04.06.2019	Толық емес отбасылар
16937	БАЙХОДЖАЕВА	ДАНА	АЙМУРЗАЕВНА	04.06.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16938	СОВЕТКАЛИЕВА	МАЙГУЛЬ	КУРМАНГАЛИЕВНА	04.06.2019	Толық емес отбасылар
16939	МОМБЕКОВА	РАЗИЯ	АБСАТОВНА	04.06.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16940	РАХИМЖАНОВА	ЖУМАБЕК	МУҒАЗОВНА	04.06.2019	Толық емес отбасылар
16941	КАСЕНОВА	БАҒЛАН	КАРТАЕВНА	04.06.2019	Толық емес отбасылар
16942	БАПИНОВА	ГУЛЬНАР	ТЕМИРКАНОВНА	04.06.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16943	САҒЫНТАЕВА	ДАИАНА	МАРАТОВНА	04.06.2019	Толық емес отбасылар
16944	МАНАСПАЕВ	ЖАНАТ	МАРАТОВИЧ	04.06.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16945	ҚАБЫЛБЕК	ЭЛЬМИРА	СӘДІБЕКҚЫЗЫ	04.06.2019	Толық емес отбасылар
16946	КУРМАНБЕКОВА	ПАШИРА		04.06.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16947	АБИКЕЕВА	ШОЛПАН	ДЮСЕНБАЕВНА	04.06.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16948	ОРАЗОВА	ГАУХАР	АКИМОВНА	05.06.2019	Толық емес отбасылар
16949	ТЕЛAVBAEBA	АИНУР	АБДУВАХОВОВНА	06.06.2019	Толық емес отбасылар
16950	ДЖУМАДИЛОВА	АЙЖАН	АБАЕВНА	06.06.2019	Толық емес отбасылар
16951	ГАБДУЛИНА	ЛЕИЛЕ	АКИЖАНОВНА	06.06.2019	Толық емес отбасылар
16952	АБИЛҒАЗИЕВА	ЖАНИЯ	БАЛТАБАЕВНА	06.06.2019	Толық емес отбасылар
16953	ЕГЕУБАЕВА	КУЛШИРА	ТУРАРОВНА	06.06.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16954	МАДИЕВА	САЛИМА	ИРГЕБАЕВНА	06.06.2019	Толық емес отбасылар
16955	МУХАМАДИЕВА	БИБИГУЛЬ	ДОЛДАШЕВНА	06.06.2019	Толық емес отбасылар
16956	АРИПОВА	ГУЛЬНУР	МИХАИЛОВНА	06.06.2019	Толық емес отбасылар
16957	СЕРІК	ЖАЗИРА	ҚАСИЕТҚЫЗЫ	06.06.2019	Толық емес отбасылар
16958	КАДЫРБАЕВА	РАИСА	ДЖАМБУЛОВНА	06.06.2019	Толық емес отбасылар
16959	ДОСИМОВА	САУЛЕ-МАН	КАРИМОВНА	07.06.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
16960	ШАРИПОВА	ИНДИРА	УРИНБЕКОВНА	07.06.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16961	МАХАМБЕТОВА	РОЗА	КӨБЕСІНҚЫЗЫ	07.06.2019	Толық емес отбасылар
16962	БАЛТАБЕКОВА	ИНДИРА	КАЫРБЕКОВНА	07.06.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
16963	КУРБАНОВА	ЖАННА	РАХИМБЕКОВНА	11.06.2019	Толық емес отбасылар
16964	АЛДЕУН	РУЗАНА	АЛДЕУНОВНА	11.06.2019	Толық емес отбасылар
16965	АРЫСЛАНОВА	ЖАНАР	КАЛДЫБЕКОВНА	11.06.2019	Толық емес отбасылар
16966	ПАВЛЕНКО	ЛЕОНТИИ	НИКОЛАЕВИЧ	11.06.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
16967	МАРЕЕВА	ГУЛЬНУР	ТАҒАЙБЕКОВНА	11.06.2019	Толық емес отбасылар</

Table with columns: ID, Surname, Name, Patronymic, Date of Birth, and Description. The table lists numerous individuals and their details, organized in a grid format across the page.



Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date, and Description. Contains rows 17207 to 17276.

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date, and Description. Contains rows 17277 to 17340.

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date, and Description. Contains rows 17341 to 17404.

(Жалғасы бар)

СУРЕТ СЫРЫ

# ҒҰЛАМАНЫҢ ҒИБРАТЫ

» Бүгінгі күн – ертең тарих деп айтады. Сол секілді әрбір суретті естелік деп емес, тарих деп түсінуге болады. Жақында белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов бір әңгіме арасында, халқымыздың біртуар азаматы, академик Әлкей Марғұлан туралы айта келіп, сол кісімен бірге түскен фотоның тарихына тоқталды. Зерделеп үңілсек, осы суретте үлкен сыр жатыр.

– 1975 жылы 15 қарашада қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде Кеңес Одағының батыры, КСРО Педагогика ғылым академиясының академигі, әскери-мемуарист, жазушы, қазақтың даңқты перзенті Мәлік Ғабдуллиннің 60 жылдығы аталып өтілді, – деп бастады сөзін ғалым.

– Ертеңіне, яғни 16 қарашада, Алматыда тұратын, халқымыздың бір топ зиялылары, атап айтқанда, Бауыржан Момышұлы, Жүсіпбек Елебеков, Шапық Шөкин, Әлкей Марғұлан, Әди Шәріпов, Өмірбек Жолдасбеков, Серік Қирабаев, Шерхан Мұртаза, Ыдырыс Ноғайбаев және т.б. азаматтар Ер Мәліктің шаңырағында бас қосты. Жайылған дастархан үстінде Бауыржан ағамыз қызық-қызық оқиғалар айтты. Әлкей Марғұлан, Шапық Шөкин ағаларымыз Қаныш

Сәтбаев, Мәлік Ғабдуллин туралы тағылымды естелік өрбітті. Басқа да кісілер ағамыздың Кеңес Одағы батырының Алтын жұлдызын Ворошиловтың қолынан алғанын, сол дәуірдегі маршалдар мен генералдардың ортасында беделі зор болғандығын әңгімеледі.

Үзіліс кезінде кейбір қонақтар ағаның фото-альбомын қарап, енді біреулері ғалымның кітаптарына үңіліп жатты.

Осы кезде кең креслоға Әлкей Хақанұлы жайғасып, жанында мен отырған едім. Онда Әлекеңнің жасы 71-ден 72-ге қараған шағы, ірі, сүйекті, ұзын бойлы, өзі сөйлеген кезде ойлап отырып, Сәкеннің «Көкшетау» поэмасында: «Толғанып, төмен қарап шал айтады» дегендей, басын төмен салып, әңгімесін ағыл-тегіл ағытты. Сонда ол кісі Мәліктің адамшылық қасиеті, ғалымдық келбеті, соғыс-

тағы ғажайып ерлігі, үлкенмен де, кішімен де жақындығы жөнінде сыр шертті. Сондай-ақ сөз арасында Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Ораз-Мұхамедтің күміс сандығы, Әбілғазы баһадүр, Рашид-ад-Дин, Шоқан Уәлиханов жайында ғибратты ой толғады. Мағжанмен жан дос болыпты. Сонда жан-жағына қарап: «Мағжан ақталады. Оның жазуы сұлу еді. Академияның сирек қолжазба қорында Мағжанның жазбалары болу керек» деп өте сақтықпен айтып отырды.

Осы отырыста бір оқиғаның куәсі болдым. Бір кісілер Жүсіпбек Елебековке: «Жүсеке, Мәліктің өзі жоқ болса да қара шаңырағы ғой. Рамазан Елебаев енін шығарған, сөзін Ғабиден Мұстафин жазған, Кеңес Одағының батыры Төлеген Тоқтаровқа арналған «Жас қазақ» енін батыр бауырымыздың тойында айтпасаңыз айып болар» дегендей



атақты өңшіге қолқа салды. Мәлік ағаның үйі шағын төрт бөлме. Үй деген қайнап тұр. Жүсекең төрде отырған, домбырасын шертіп, әнді бастай бергенде аузындағы алмалы-салмалы тісі ұшып кетті. Сол сәтте үйдің іші ыстық болса да дауыл соққандай күй болды. Мен босағада, төменгі жақта отырып, ағамыздың тісін қағып алдым.

Сол бір ұлы батырдың шаңырағындағы халқымыздың сүттің бетіне шығар қаймақтарымен бірге болып, солардың мазмұнды әңгімелерін тыңдап, оның ішінде ең жасы мен болғандықтан қызмет көрсетіп, үлкендердің батысын алғаным – әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Әлкей ағаммен түскен суреттің сыры осы, – деп әңгімесін аяқтады Серік ағамыз.




## ШӘМШІНІҢ ӘНІН ШЫРҚА!

» «Қазақстан» телерадиокорпорациясы көрнекті композитордың 90 жылдық мерейтойына орай, әлеуметтік желіде «Шәмшінің әнін шырқа!» атты әуендер жобасын жариялайды.

Жобаға қатысу үшін композитордың өзіңіз сүйіп тыңдайтын әнін орындап, әлеуметтік желідегі парақшаңызға жариялаңыз. Жарияланымға #Шәмші90жас хештегін қойып, @qazaqstantv парақшасын белгілеу қажет. Қатысушылардың жас шамасына шектеу қойылмайды. Қосымша талаптар: әнді толық

орындау; ұялы телефонды көлденең (гаризонтальды) түрде қойып түсіру.

Ең сәтті шыққан түсірілімдерден бейнебаян әзірленіп, «Qazaqstan» және «Abai» телеарналарының эфирінен көрсетіледі.

 Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ

## «САРЫ МЫСЫҚ» ВЕНЕЦИЯДА КӨРСЕТІЛЕДІ

» Режиссер Әділхан Ержановтың «Сары мысық» көркем фильмі 77-ші халықаралық Венеция кинофестивалінің «Көкжиектер» конкурстық бағдарламасына қатысады.

Әлемнің ірі және беделді фестивалдерінің бірі алдағы қыркүйектің 2-сі мен 12-сі аралығында бұрынғы форматта өтеді. «Көкжиектер» бағдарламасының халықаралық қазылар алқасын атақты француз киногері Клэр Дени басқарады.

«Сары мысық» кинотуындысын Short Brothers (Қазақстан) компаниясы, Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ және Arizona Productions (Франция) киностудиясының қатысуымен ZERDE FILMS компаниясы түсірген.

«Сары мысық» – режиссер Әділхан Ержановтың тоғызыншы толықметражды көркем фильмі. Түсірілім жұмыстары былтыр Алматы облысында өтті.

– Мен үшін Кермек кейіпкерлеріміздің ішіндегі ең мейірімдісі, оның қазіргідей күрделі уақытта пайда болуында да бір мән бар. Әрине, «Көкжиектер» бағдарламасына қатысатынымызға қуаныштымын. Менің ойымша, Венеция кинофестивалінің бұрынғы форматта өтуінің өзі, тұсаукесері болатын кез келген фильм үшін үлкен сәттілік. Осындай мүмкіндік үшін фестиваль іріктеушілеріне және шығармашылық ұжымға алғыс айтамын, – дейді Әділхан Ержанов.

Фильм қазақстандық «Бонни мен Клайдтың» оқиғасын баяндайды. Кермек есімді жас жігіт түрмеде жазасын өтеп, қылмыстық топ иемденіп, өзінің қатал заңдарын орнатқан туған қаласына оралады. Жігіттің ғашығы, Ева қылмыскерлердің ықпалынан теріс жолға түскен, Кермек өзі де қылмысқа белшесінен батады. Бірақ ол сүйген қызымен бірге еркіндікке қол жеткізіп, кинотеатр салу туралы арманын да ұмытпайды.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС  
Директор – **Жарқын ЖҰМАДИЛОВ**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**  
Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**  
Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**  
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.  
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.  
Апталық таралымы – 15 000  
Тапсырыс №92  
Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30.  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com  
Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212  
Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17  
Үйлестіруші: 70-33-05  
Жарнама: 70-33-06  
astana.akshamy@mail.ru